



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

Р. Б. СҮЛЕЙМЕНОВ атындағы ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КОМИТЕТ НАУКИ  
ИНСТИТУТ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ им. Р. Б. СҮЛЕЙМЕНОВА



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

АССОЦИАЦИЯ ВУЗОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

# «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ ҒЫЛЫМЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНЕ XII ҒАСЫР»

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары  
25 қыркүйек 2013 ж. Алматы қ.

# «XII ВЕКОВ РАЗВИТИЯ ИСЛАМСКОЙ НАУКИ И КУЛЬТУРЫ В КАЗАХСТАНЕ»

Материалы Международной научно-практической конференции  
25 сентября 2013 г. г. Алматы





**ИНСТИТУТ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ им. Р. Б. СУЛЕЙМЕНОВА**

**КОМИТЕТА НАУКИ**

**МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ**

**РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**АССОЦИАЦИЯ ВУЗОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ХІІ ВЕКОВ РАЗВИТИЯ ИСЛАМСКОЙ НАУКИ**

**И КУЛЬТУРЫ В КАЗАХСТАНЕ**

**Алматы**

**2014**

УДК 28(063)

ББК 86.38

Д 23

*Рекомендовано Ученым советом Института востоковедения  
им. Р. Б. Сулейменова Комитета науки МОН РК*

**Редакционная коллегия:**

*А. Дербисали* (главный редактор),  
*А. С. Мансурова* (ответственный редактор),  
*Р. Алшанов, З. Г. Джалилов, Г. М. Дуйсен,*  
*А. Г. Косиченко, А. К. Муминов*

**ХII веков развития исламской науки и культуры в Казахстане:** Сборник статей. Мат. межд.  
Д 23 науч.-прак. конф./ Под общ. ред. А. Дербисали, Р. Алшанова. – Алматы: ИВ КН МОН РК,  
2014. – 283 с.

ISBN 978-601-7529-03-1

В материалах Международной научно-практической конференции «ХII веков развития исламской науки и культуры в Казахстане», состоявшейся 25–26 сентября 2013 года, содержатся анализ этапов развития исламской науки и культуры в Казахстане, определение дальнейших перспектив исламской науки и культуры в мире, ответы на вызовы современности.

Особое внимание уделено истории и культуре, обществу и государству, человеку и религии, древним первоосновам великих цивилизаций исламского мира. Авторы статей, представленных в сборнике, отмечают: исламская культура и цивилизация еще недостаточно изучены, и дискуссии об этом надо всемерно расширять и углублять, чтобы большее количество людей могли приобщиться к достижениям науки и высокой культуры. Сохраняя и приумножая национальные, морально-духовные ценности, мы должны превратить знание исторического прошлого Казахстана в первый государственный стратегический приоритет.

Сборник адресован религиоведам, востоковедам, культурологам, философам, студентам, государственным служащим и всем, кто интересуется вопросами религии.

УДК 28(063)

ББК 86.38

ISBN 978-601-7529-03-1

© Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова  
КН МОН РК, 2014

## СОДЕРЖАНИЕ

Приветственное слово акима г. Алматы <i>А. С. Есимова (Казахстан, г. Алматы)</i> .....	7
Приветственное слово директора Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова <i>А. Дербисали (Казахстан, г. Алматы)</i> .....	9
Приветственное слово президента Ассоциации вузов Республики Казахстан <i>Р. Алианова (Казахстан, г. Алматы)</i> .....	10
<i>Дербисали А.</i> Ислам тарихындағы қазақ халқының орны <i>(Казахстан, г. Алматы)</i> .....	
<i>Косиченко А.</i> Цели и содержание познания в мировых религиях <i>(Казахстан, г. Алматы)</i> .....	21
<i>Ахмадуллин В.</i> Хадж советских мусульман в начале 60-х годов <i>(Россия, г. Москва)</i> .....	25
<i>Муминов А. К.</i> Абу Ханифа мазхабы және дәстүр <i>(Казахстан, г. Астана)</i> .....	32
<i>Керимов Ш., Әмир Кәтиб әл-Итканидің</i> «Уардатул аруах фил асма маруия фил муаннаса ассамағия» атты еңбегі <i>(Казахстан, г. Алматы)</i> .....	34
<i>Джалилов З.</i> Религиозные традиции и консолидация казахстанского общества <i>(Казахстан, г. Алматы)</i> .....	38
<i>Сагдиев Х.</i> История распространения ханафитского учения в Центральной Азии, Казахстане и ранние ханафитские кадийи региона <i>(Узбекистан, г. Ташкент)</i> .....	43
<i>Алиева Н.</i> Взаимные научные связи средневековых азербайджанских ученых с учеными Ближнего и Среднего Востока <i>(Азербайджан, г. Баку)</i> .....	48
<i>Нейматзаде С.</i> Художественно оформленные и иллюстрированные рукописные книги как персонификация тюрко-исламского искусства <i>(Азербайджан, г. Баку)</i> .....	53

### РАЗДЕЛ I

#### ОСНОВНЫЕ ВЕХИ В РАЗВИТИИ ИСЛАМСКОЙ КУЛЬТУРЫ В КАЗАХСТАНЕ. КАЗАХСТАН И МУСУЛЬМАНСКИЙ МИР: ВОССТАНОВЛЕНИЕ ТРАДИЦИОННЫХ СВЯЗЕЙ

<i>Бегалинова К.</i> Ислам в Казахстане: история его возникновения и развития <i>(Казахстан, г. Алматы)</i> .....	58
<i>Лутфиллаев Х.</i> Тафсиры корана, написанные учеными Центральной Азии <i>(Узбекистан, г. Ташкент)</i> .....	61
<i>Ахметбекова А.</i> Сүлеймен Бакыргани хикметтерінің сырлары <i>(Казахстан, г. Алматы)</i> .....	64
<i>Торланбаева К.</i> Историческая роль Ходжа Ахмета Ясави в исламизации Центральной Азии <i>(Казахстан, г. Алматы)</i> .....	70
<i>Конырбаева К.</i> Қазақ Сахарасында діни-философиялық дүниетанымның қалыптасуы <i>(Казахстан, г. Алматы)</i> .....	74
<i>Саттаров С.</i> Атлақ соғысына 1260-жыл толды <i>(Казахстан, г. Сарыағай)</i> .....	77

<i>Молотова Г.</i> , Влияние заповедей ислама на формирование образа национального героя ( <i>Казахстан, г. Алматы</i> ).....	80
<i>Ошақбаева Ж.</i> Орта ғасыр ойшылдарының діни-философиялық көзқарастары ( <i>Казахстан, г. Алматы</i> ).....	87
<i>Мейрманов А.</i> Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі рәміздік мазмұнның ғибраттық мәні ( <i>Казахстан, г. Алматы</i> ).....	91
<i>Бижанова М.</i> Түркі ислам өркениетінің жасампаздық сипаты мен әмбебаптылығы ( <i>Казахстан, г. Алматы</i> ).....	96
<i>Каримова Р.</i> Особенности архитектурного стиля жаркентской мечети ( <i>Казахстан, г. Алматы</i> ).....	101
<i>Шалқаров Д.</i> Сығанақ өңірі ислам мәдениеті аясында ( <i>Казахстан, г. Алматы</i> ).....	104
<i>Әпенев Б.</i> Қазақ еліндегі ислам білім беру институтының эволюциясы ( <i>Казахстан, г. Алматы</i> ).....	108
<i>Нурбаев Ж.</i> Из истории мусульманского образования в Северном Казахстане во второй половине XIX – начале XX века ( <i>Казахстан, г. Астана</i> ).....	110
<i>Мир-Багирзаде Ф., Мир-Багирзаде С.</i> Культурные и образовательные взаимосвязи с мусульманским миром: значение традиционных центров Ближнего и Среднего Востока ( <i>Азербайджан, г. Баку</i> ).....	114
<i>Musakhanova M.</i> Monuments of material culture – mausoleums of Kyzylorda province ( <i>Казахстан, г. Алматы</i> ).....	119

## РАЗДЕЛ 2

### АРАБОГРАФИЧНАЯ ПИСЬМЕННАЯ КУЛЬТУРА В КАЗАХСТАНЕ: ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ РАСПРОСТРАНЕНИЯ И РАЗВИТИЯ КНИЖНОСТИ. АГИОГРАФИЧЕСКИЕ ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ ПО ИСТОРИИ И КУЛЬТУРЕ КАЗАХСТАНА И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

<i>Тулибаева Ж.</i> Персоязычные агнографические источники по истории и культуре Казахстана ( <i>Казахстан, г. Алматы</i> ).....	124
<i>Зиёдов Ш.</i> Вклад сфрагистики в виртуальную реконструкцию частной библиотеки центральноазиатского эрудита ( <i>Узбекистан, г. Ташкент</i> ).....	129
<i>Есенжан Д.</i> Сирек кездесетін кітаптар мұражайындағы діни қайраткер қолжазбалары туралы ( <i>Казахстан, г. Алматы</i> ).....	133
<i>Каирбекова А.</i> Возникновение и распространение книги на арабском Востоке ( <i>Казахстан, г. Алматы</i> ).....	136
<i>Молотова Э.</i> Агиографические сочинения о святых Центральной Азии ( <i>Казахстан, г. Алматы</i> ).....	141
<i>Асанбаев М.</i> Ислам и традиция паломничества в средневековых письменных источниках по истории Казахстана ( <i>Казахстан, г. Алматы</i> ).....	145
<i>Жаханова З.</i> Semantic peculiarities of arabic borrowings in the english language ( <i>Казахстан, г. Алматы</i> ).....	149

<i>Калиева Ш. Қазақ даласындағы ислам діні және оның араб филологиясындағы көрінісі (Әбу Ибраһим Исхак әл-Фарабидің «Диуан әл-Адаб» еңбегі негізінде) (Қазақстан, г. Алматы) .....</i>	152
<i>Юсупов Р. «Киссас-ул-Анбия» Рабгузи как памятник исторической прозы средневековья (на примере «Сказания о пророке Мухаммаде») (Қазақстан, г. Алматы).....</i>	157

### РАЗДЕЛ 3 ВЛИЯНИЕ ИСЛАМСКОЙ НАУКИ НА ЗАПАДНУЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ: К КОНЦЕПЦИИ «МУСУЛЬМАНСКИЙ МИР И ЗАПАД»

<i>Махмұд Фаһми Хижази К. Брокельман және Ф. Сезгин зерттеулеріндегі Орта Азия ғалымдары (Египет, г. Каир).....</i>	161
<i>Курманғалиева Г. Исламский Восток и Запад: трансляция и развитие научных и философских идей (Қазақстан, г. Алматы).....</i>	166
<i>Құлбашиева Г. Преемственность и рецепция идей античной философии среднеазиатскими мыслителями Средневековья (Қазақстан, г. Қызылорда).....</i>	170
<i>Мансурова А. Проблемы сохранения религиозной идентичности и культурного суверенитета в евроисламской стратегии диалога (Қазақстан, г. Алматы).....</i>	174
<i>Мустафаева А. Perception of Islam in the west over a ten-century period (Қазақстан, г. Алматы).....</i>	178
<i>Датқа Ж. Ислам ғылымының батыс өркениетіне тигізген әсері: мұсылман әлемі және батыс тұжырымдамасымен (Қазақстан, г. Алматы).....</i>	181
<i>Шаблей П. Переписка и рукописи В. В. Григорьева: из неопубликованного наследия востоковеда (Қазақстан, г. Костанай).....</i>	184
<i>Жолмұхамедова Н. Эстетика художественной культуры Востока (Қазақстан, г. Алматы).....</i>	186
<i>Турғанбаева Ш. Цвет в культурной традиции народов Востока (Қазақстан, г. Алматы).....</i>	191

### РАЗДЕЛ 4 ИСЛАМ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИЯ, ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

<i>Жусипбек Г. Проблема нравственности и благонравия среди мусульман: какое решение можно найти в мазхабе имама Абу Ханифы? (Қазақстан, г. Алматы).....</i>	200
<i>Мамбетбаев К. Имам Әбу Ханифаның діни үкім шығару жүйесіндегі кейбір ерекшеліктер (Қазақстан, г. Астана).....</i>	204
<i>Байдаров Е. Роль аль-Матуриди в истории ханафитского мазхаба (Қазақстан, г. Алматы).....</i>	207
<i>Телебаев Г. Ислам в современном Казахстане: тенденции и перспективы (Қазақстан, г. Астана).....</i>	213
<i>Дүйсен Г. Развитие религиозного туризма: международные тренды и особенности в Казахстане (Қазақстан, г. Алматы).....</i>	216
<i>Сатершинов Б. Исламофобия – дискурсивтік діни сана мәселесі (Қазақстан, г. Алматы).....</i>	221
<i>Коянбаева Г. Идеалы аль-Фараби и формирование культуры толерантности современной молодежи Казахстана (Қазақстан, г. Алматы).....</i>	225

<i>Саттарова Ф. Ислам как мировоззренческая основа духовного бытия (Казахстан, г. Караганды)</i> .....	231
<i>Сатанов А. Қазақ халқының тарихи санасы, этникалылығы мен ұлттық идентификациясындағы исламның көрінісі (Казахстан, г. Алматы)</i> .....	236
<i>Мадалиева Ж. Ислам әлемінің қазақ мәдениетіне тигізген ықпалы (Казахстан, г. Алматы)</i> .....	240
<i>Утепбергенова У. А. Процессы самоидентификации и ислам в современной Центральной Азии (Казахстан, г. Алматы)</i> .....	244
<i>Надирова Г. Ислам в Казахстане: взгляд со стороны (Казахстан, г. Алматы)</i> .....	246
<i>Абиев Е. Діни экстремизмнің Қазақстандағы қауіпсіздік мәселесіне және адамзат қоғамының құқығына әсері (Казахстан, г. Алматы)</i> .....	251
<i>Оразбаков А. Қазақстан және Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы: басымдылық және ынтымақтастық ресурсы (Казахстан, г. Кызылорда)</i> .....	254
<i>Муканова Г. Казахстан в ОИС: прошлое и реалии идентификации (Казахстан, г. Алматы)</i> .....	256
<i>Сактаганова З. To a question of nationalism and religion: pan-islamism and a panturkism (Казахстан, г. Караганды)</i> .....	258
<i>Гизатуллина Г., Карабаева А. Роль религиозных конфессий в становлении гражданского общества (Казахстан, г. Тараз)</i> .....	261
<i>Нашат Абдуль Азиз Баиууми. Қазақстан Республикасында ислами және адамзаттық құндылықтар негізінде ислам туралы білім беру методикасының жүйесін қалыптастырудағы жалпы ережелері мен негіздері (Египет, г. Каир)</i> .....	263
<i>Джалилов М. З. Особенности национальной модели менеджмента в странах арабского мира (Казахстан, г. Алматы)</i> .....	269
<i>Кадыралиева А. М. Культурная интеграция как фактор становления казахского народа в условиях мультикультурного общества (Казахстан, г. Алматы)</i> .....	272
<b>РЕЗОЛЮЦИЯ Международной научно-практической конференции Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК «XII ВЕКОВ РАЗВИТИЯ ИСЛАМСКОЙ НАУКИ И КУЛЬТУРЫ В КАЗАХСТАНЕ»</b> .....	279
<b>Сведения об авторах</b> .....	280

**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ ҒЫЛЫМЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ ДАМУЫНЫҢ XII ҒАСЫРЫ»  
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ  
ӘКІМІ А. С. ЕСІМОВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ**

*Құрметті конференцияға қатысушылар! Құрметті қонақтар!*

Көп жағдайда ислам әлемнің көптеген елдері мен өңірлерінің рухани, сондай-ақ, саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларын айқындайды және әлі де айқындап жатқаны баршаға мәлім. Орталық Азияда да ислам факторы өте маңызды, онда өңірдің жас мемлекеттері тәуелсіздік алғаннан бастап, діни құндылықтар қайта жаңғырып, жана мәнге ие болды.

Қазақстан – жетінші ғасырдың екінші жартысынан бастап, басқа жергілікті нанымдар және мәдениетпен ықпалдаса отырып, ислам ерте тамыр жайған құндылықтардың бірі. Осы аумақтағы исламның таралуы Ұлы Жібек жолының мәніне, сауда жолдарының бағыттары мен мәдени қарым-қатынастардың сипатына зор ықпалын тигізді. Қазақстанның мәдени және рухани орталықтарының жаңа суперэтникалық саяси-экономикалық және мәдени ортақтасуы жалпы әлемдік құндылықтардың даму барысында жемісті түрде өзара әрекеттесуіне түрткі болды.

Біздің елімізде ислам мәдениеті мен ғылымының көптеген орталықтары пайда болды. Мысалы, оларға: Отырар, Исфиджаб, Тараз, Қайалық, Түркістан, Сығнақ, Жент, Мерке, Баласағұн, Баршынкент кіреді.

Қазақ жерінде туған мұсылман ғалымдары қол жеткізген ғылыми жетістіктерінің әлем өркениетіне енгізген үлесі мол. Олардың ішінде атағы жер жарған Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмед Ясауи, Жамал ад-Дин Саид Түркістани, Ахмад әл-Исфиджаб және басқалары бар. Тек Отырар қаласының өзінде дүниежүзі ғылымына зор үлесін қосқан жиырмаға жуық ғалым дүниеге келгенін көрнекті ғалым, теолог, қоғамдық қайраткер, академик Әбсаттар қажы Дербісәлінің зерттеулерінен біліп отырмыз.

Құрметті конференцияға қатысушылар! Астана қаласында өткен Әлемдік және дәстүрлі дін басшыларының Бірінші съезінің онжылдығы контекстінде осы конференцияның мәні өте зор. Қазақстандағы ислам ғылымымен және мәдениетімен байланысты осы конференцияның өткізілуі, ислам феноменін тек мұраның бір бөлігі ғана емес, сондай-ақ біздің халқымыздың қазіргі қоғамдық өмірінің маңызды факторы ретінде ғылыми ұғынудың көкейкестілігі мен қажеттілігі туралы ойды растап отыр. Бұл конференцияның исламтанудағы тың ғылыми ізденістерді жинақтау үдерісінде маңызды қадам жасауға және де заманауи ғаламдық әлеуметтік-саяси және мәдени өзгерістер тұрғысынан ислам ғылымы мен мәдениетінің рөлін қарастыруға мүмкіндік беретініне күмәнім жоқ. Сіздер жасаған ғылыми қорытындылардың ислам мәдениетінің қоғамымыздың жас ұрпағының өнегелі болып өсуіндегі, конфессияаралық және әлеуметтік нығаюындағы рөлін объективті бағалауға мүмкіндік берер деген ойдамын.

*Сіздерге денсаулық, жұмыста табыс  
және отбасыларыңызға бақыт тілеймін*



## ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО АКИМА ГОРОДА АЛМАТЫ А. С. ЕСИМОВА НА МЕЖДУНАРОДНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ «XII ВЕКОВ РАЗВИТИЯ ИСЛАМСКОЙ НАУКИ И КУЛЬТУРЫ В КАЗАХСТАНЕ»

*Уважаемые участники конференции! Уважаемые гости!*

Вам хорошо известно, что ислам во многом определял и продолжает определять не только духовный фон, но и политическую, экономическую и социальную сферы жизни во многих странах и регионах мира. Огромное значение исламский фактор имеет в Центральной Азии, где после обретения независимости в молодых государствах региона исламские религиозные ценности были возрождены и получили новое дыхание.

Казахстан – один из регионов, где ислам распространился рано, со второй половины седьмого века, продуктивно взаимодействуя с другими местными верованиями и культурами. Распространение ислама на территории Казахстана в огромной степени повлияло на содержание Великого шелкового пути, направление торговых путей и характер культурных взаимоотношений. Включение культурных и духовных центров Казахстана в новые суперэтнические, политико-экономические и культурные общности привело к плодотворному взаимодействию, развитию ценностей общемировой значимости. В Казахстане находится множество центров исламской культуры и науки. В их число входят такие древние города, как Отрар, Исфиджаб, Тараз, Кайалык, Туркестан, Сыгнак, Жент, Мерке, Баласагун, Баршынкент.

Научные достижения мусульманских ученых, рожденных на земле Казахстана, являются значимым вкладом в мировую цивилизацию. Казахская степь дала миру знаменитых Абу Наср аль-Фараби, Ходжа Ахмед Яссауи, Жамал ад-Дин Саид Туркестани, Ахмад аль-Исфиджаб и многих других. Из исследований, проведенных выдающимся ученым, теологом, общественным деятелем, академиком Абсаттар Кажы Дербисали мы теперь знаем, что только город Отырар дал миру почти 20 ученых, внесших огромный вклад в мировую науку.

Уважаемые участники! Проведение данной конференции имеет большое значение в контексте десятилетия со дня проведения I Съезда лидеров мировых и традиционных религий в Астане. Факт проведения данной конференции, связанной с исламской наукой и культурой, в Казахстане подтверждает мысль об актуальности и необходимости научного осмысления феномена ислама не только как компонента наследия, но и как важного фактора современной общественной жизни народа нашей страны. Не сомневаюсь, что проведение конференции позволит сделать важный шаг в процессе обобщения последних научных изысканий в области исламоведения, а также рассмотреть роль исламской науки и культуры в контексте глобальных социально-политических и культурных трансформаций в современном мире. Не сомневаюсь и в том, что научные выводы, сделанные вами, позволят более объективно оценить роль исламской культуры в нравственном совершенствовании подрастающего поколения, дальнейшей межконфессиональной и социальной консолидации казахстанского общества.

*Желаю вам здоровья, успехов в работе и счастья в семье*

## **ВЫСТУПЛЕНИЕ ДИРЕКТОРА ИНСТИТУТА ВОСТОКОВЕДЕНИЯ КН МОН РК АКАДЕМИКА АБСАТТАРА КАЖЫ ДЕРБИСАЛИ**

*Уважаемый аким города Алматы!  
Уважаемые участники конференции! Уважаемые гости!*

Феномен мусульманской науки и культуры является одним из столпов, без которого трудно представить общую картину мирового развития. Изучению исламской науки и культуры посвящено большое количество работ. Несмотря на их общие универсальные черты в каждом регионе мира, они имеют и свои локальные особенности. Их выявление особенно важно для Казахстана, поскольку длительное время ислам играл важную роль в общественной и культурной жизни казахского народа, способствуя сохранению его единства и духовного богатства.

Как вам хорошо известно, ислам на территории Казахстана распространился давно. Поликонфессиональная ситуация, полиэтничный состав населения, разнообразие языков и культур накануне прихода арабов во многом определили политику исламизации в Казахстане. С VIII века в Казахстане распространяется ислам ханафитского толка, отличавшийся большей терпимостью и либеральностью. В IX веке он стал известен во многих городах, где имело место сравнительное богословие, которое в это же время приобрело широкий размах в крупных регионах страны.

Распространение ислама в Казахстане завершилось резким взлетом культурного развития в рамках мусульманского мира. Он проявился и в области духовной и материальной культуры. Можно уверенно говорить о том, что с конца IX века Казахстан стал крупным центром развития исламской духовной культуры. Здесь отмечен такой же накал интеллектуальной активности, который был свойственен крупным научным центрам халифата. Ее проявление, привнесенное по дорогам Шелкового пути, обрело здесь свое развитие под влиянием ислама.

Следует отметить, что деятельность первых вероучителей ислама во всех регионах Казахстана разворачивалась в городах, которые и в донсламское время были сосредоточением духовного потенциала общества. Среди этих городов выделялись Отырар, Мерке, Баласагун, Туркестан, Сыгнак, Тараз, Жент, Баршынкент, Исфиджаб-Сайрам. Как показали наши исследования, только город Отырар дал миру 17 ученых, оставивших после себя крупнейшие научные труды и открытия. Позволю себе назвать некоторых из них: Абу Наср аль-Фараби, Абу Ибраим Исхак аль-Фараби, Исмаил аль-Жауһари, Бурһхан ад-Дин Ахмад аль-Фараби, Абу-л Касым аль-Фараби, Махмуд аль-Исмаил аль-Хусайни аль-Фараби и другие.

Немало известных ученых вышли и из других городов Казахстана, например, Ахмад аль-Исфиджаб, Шейх Ахмет Туркестани, и много-много других. На сегодняшний день нами выявлено 31 имя выходцев из Тараза, 10 имен – из Баласагуна. Эти высокообразованные люди, знавшие арабский, персидский и тюркские языки, были авторами многих трудов по богословию, а также поэтами и мыслителями. В IX–X веках в научных и духовных центрах Казахстана были библиотеки, в которых (как и в мечетях) шли различные диспуты. Одна из таких библиотек располагалась в Отыраре и по своей величине занимала второе место после знаменитой библиотеки в Александрии.

Сегодня с полной уверенностью можно сказать, что уже в IX веке крупные города и результаты научных исследований ученых Казахстана органично вошли в систему общемировых и общемусульманских культурных ценностей.

Уважаемые участники конференции! Как известно, существует большое количество научных трудов по истории ислама на территории нашей страны. Вместе с тем, многие аспекты этой проблемы остаются вне поля зрения исследователей. В историческом контексте важно выявить своеобразие формирования исламских ценностей с учетом социокультурных факторов. Важно также определить формы трансформации мусульманской культуры и воздействие ислама на современные духовные процессы, особенно динамично протекающих в Казахстане. Не сомневаюсь, что проведение данной конференции позволит объективно, с глубоко продуманных цивилизационных позиций оценить многовековое развитие исламской науки и культуры в Казахстане, роль ислама в нравственном совершенствовании подрастающего поколения, дальнейшей межэтнической и межконфессиональной консолидации казахстанского общества.

*Дорогие друзья! Позвольте пожелать вам крепкого здоровья, успехов в работе,  
семейного счастья*

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ, ПРОФЕССОР Р. А. АЛШАНОВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

*Армысыздар, ардақты қауым,  
қадірлі ұстаздар мен ғалымдар!*

Бүгінде Тәуелсіздігін тұғырына көтеріп, өз алдына егемен ел болып отырған Қазақстан өткен тарихы мен рухани құндылықтарын жаңаша көзқараста зерделеу үстінде. Тарихи жадыны жаңғырту – ұлттың интеллектуалды тұрғыдан өсуіне зор ықпал етпек. Бүгінгі күні ислам әлемінің ғылым мен мәдениет сынды асыл құндылықтары өркен жайған қазақ жерінде әлі де терең талдаулар мен зерттеулерді қажет ететін дүниелер баршылық.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жыл сайынғы өзінің Халыққа Жолдауында ғылым мен мәдениеттің дамуына ерекше көңіл бөліп келеді. Осы орайда ұстаздар қауымы мен білікті ғалымдар шоғырына түсер салмақ орасан.

Бүгін біз «Қазақстанда ислам ғылымы мен мәдениетінің дамуының XII ғасыры» атты мағынасы терең, ауқымды Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жұмысына қатысқалы отырмыз. Аталған жиынды Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Қазақстанның Жоғары оқу орындары Қауымдастығы және еліміздің белді оқу орындарының бірі «Тұран» университеті бірігіп өткізгелі отыр.

Сан ғасырлар бойы біздің ата-бабаларымыз қасиетті ислам дінін берік ұстанып, оны ұлттық салт-дәстүрімізбен, әдет-ғұрыптарымызбен, төл мәдениетімізбен ұштастырып келді. Біз – осы бір ұшан-теңіз рухани дүниенің заңды мұрагеріміз.

Ислам мәдениеті тек мұсылман елдерінде ғана емес, жалпы Адамзат тарихында үлкен мәнге ие. Алайда бұл тақырып, осы уақытқа дейін толыққанды зерттеле қойған жоқ. Кешегі Кеңес заманында халқымыз төл тарихын тануға, өзінің ата діні – исламды ұстануға, ғылым мен ұлттық мәдениетін дамытуға деген мүмкіндіктерінен ажырап қалған болатын. Десек те, Тәуелсіздігіміздің арқасында жоғалғанымыз қайта табылып, өшкеніміз қайта жаңғырды.

«Өткенсіз болашақ жоқ» деген қағидаға сүйенсек, біз бабаларымыз салып кеткен сара жолды кемел келешекке жалғап, асыл дініміз бен туған тілімізді, ислам ілімі қалыптастырған ғылым мен мәдениетімізді барынша танып-біліп, дәріптеп отыруымыз керек. Сондықтан да Қазіргі жаһанданған әлемде өркениетке бет алған қазақ қоғамы тамыры тереңде жатқан ислам ғылымы мен мәдениетін жаңаша зерделеп, осы құндылықтардың алдағы өмірімізде алатын орнын айқындауға тиіс.

Бүгінгі конференцияда Қазақстанда ғасырлар бойы қалыптасқан ислам ғылымы мен мәдениеті жан-жақты қарастырылып, талқыланбақ. Өткен дәуірлерден бері Қазақ жері Батыс пен Шығысты байланыстырған, ислам өркениеті қанат жайған рухани орталық саналған. Ұлы Жібек Жолының күретамыры болып, ислам әлемінің ғылым, мәдениет, сауда-экономика және дипломатия салаларының дамуына айрықша үлес қосқан Қазақстан сол кезеңдердің өзінде Орталық Азияда үлкен маңызды рөлге ие болған. Жаңа дәуірге аяқ басып, жаңаша қоғам құрып отырған біздер – тарих қойнауында жатқан осы мәселелерді тәуелсіз ой-танымымыздың елегінен өткізіп, бүгінгі ұрпақ игілігіне жаратуымыз қажет.

Қадірлі конференцияға қатысушылар!

Біз ұлтымыздың өткенін танып қана қоймай, оны өзгеге де таныта білуіміз керек. Ислам құндылықтарына негізделген ғылым мен мәдениет өзінің өміршендігін әлдеқашан дәлелдеген. Енді осы мәселелердің барлығы ғылыми зердеге салынуы тиіс. Қазіргі заман бізден өткенді таразылауда асқан ыждахаттылық пен тарихи шыншылдықты талап етеді.

Баршаларыңыздың ғылыми ізденістеріңізге табыс тілей отырып, жасаған еңбектеріңіз ел болашағына қызмет етсін демекпін.

**Құрметпен,  
Қазақстан Республикасы  
Жоғары оқу орындары  
Қауымдастығының президенті Р. Алшанов**

## **ИСЛАМ ТАРИХЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ОРНЫ**

VII ғасыр алғашында араб қоғамы, кейіннен бүкіл адамзат үшін ұлы өркениет пен мәдениеттің нұрлы бастауына айналды. Араб түбегінде аса қуатты діни мемлекеттің орнауы жер-жаһанның тынысына бұрын-соңды болмаған жаңа леп алып келді. Бұл – елдің бұрыннан табынып келген жалған құдайлары мен пұттарын тастап, мұсылмандықты қабылдап, жалғыз Алла тағалаға ғана құлшылық етуінің игі әсері еді. Адамдардың дүниеге, бүкіл жаратылыстарға деген көзқарасы өзгерді. Ұлы Жаратушыға деген сенім біртіндеп адамгершілік қасиеттермен де толықты. Ислам қоғамдық қатынастарға ықпал етіп, жалпақ жұрттың әлеуметтік мәселелерін де оп-оңай шеше бастады. Бір-бірімен атысып, шабысып, қырқысып жатқан араб тайпаларының бір тудың астына бірігуі халықтың көсегесін көгертіп, мерейін асырды. Ислам діні адамдарды жаңа құқықтық қарым-қатынасқа шақырып, жаңа сенімнің кеңінен жайылуына жағдай тудырды. Жаңа дін келуінен он жыл өтпей жатып арабтардың ұлан-асыр өлкелерді бағындырған даңқы жан-жаққа жайыла түсті.

Ал хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың қауымы ақиқат дінді жаю жолындағы күрестің маңызын жан-тәнімен қабылдап, оны табиғи мінездеріне айналдыра білді. Сөйтіп, Ислам діні Азия мен Африка халықтарының арасында, Еуропаның бір бөлігінде, жалпы Үндістаннан Испанияға дейінгі ұлан-ғайыр далаға кеңінен жайылды. Үш құрлықтың тұрғындарынан құралған көптеген халықтар бір атаның баласындай, бір қолдың саласындай бірігіп, рухани-саяси күшке айналды. Сол кезде әлемді дүр сілкіндіріп тұрған екі алып империя Иран мен Византия да мұсылмандардың ығына жығылды.

Анығырақ айтар болсақ, Әбу Бәкірдің (р.а.) халифалығы кезінде (632-634) зекет бермейтін тайпалар тәртіпке келді. Қасиетті Құран Кәрім кітап болып жинақталды. Хазіреті Омар (р.а) кезінде (634-644) Ирак, Иран, Шам және Мысыр елдеріне Ислам діні орнады. Хазіреті Османның (р.а.) тұсында (644-656) алғашқы Ислам теңіз флоты құрылды. Кипр азат етілді. Бірақ осы үшінші халифа кезінде билікке қарсы шығушылар бой көтеріп, хазірет Әлидің (р.а.) дәуірінде тіпті күшейіп кетті. Бұл мұсылмандардың бөліне бастауына себеп болып, Исламның жайылуына кері әсерін тигізді.

Умеядтар (Амауилер) кезінде (661-750) Ислам діні қайта қанат жайды. Солтүстік Африка Исламды қабылдап, Испанияға Ислам туы тігілді. Хорасан мен Мауараннаһр аймақтары жаңа дінге өтті.

Аббасилердің билігі кезеңінде Ислам дінінің таралу қарқыны бәсеңдеді. Дегенмен, бұл ғасырларда Исламды өркениет жолымен жаюға, ілім-білім мен өнерге, әдебиетке көбірек көңіл бөлінді. Түріктер мен парсылар (Иран) секілді халқы араб емес өлкелерге белгіленген міндеттер жүктелді.

Түркі әлемінің діни тарихына келсек, бұл жұрттың өте көп сенім түрлерін басынан өткізгенін көреміз. Бірақ мұнда бәрінен де Көктәңірге сыйыну етек алған еді. Кейбір шетелдік тарихшылар түркілер тарихын Исламға дейінгі және Исламнан кейінгі деп бөле қарастырады.

Аббасилер билік еткен жылдары түрік-араб қатығыстары айтарлықтай орын алған жоқ. Ал 751 жылы қытайлар мен Аббас әскері арасындағы Талас (Атлах) шайқасында карлұқтардың мұсылмандарды жақтауы аббасилердің жеңісіне сеп болғаны тарихтан мәлім. Аталмыш шайқастан соң бірте-бірте түркі араб қарым-қатынастары жақсара берді. Орта Азия біртіндеп мұсылман еліне айналды.

Ислам озық ой мен прогресс діні ретінде қай кезде де ғылыми-ағартушылық бағытты негіз етті. Сондықтан да ә дегеннен-ақ адамзатты білімге, оқуға үндеді. Құранға үңілумен қатар мына алып ғалам кітабын да қоса зерделеуге шақырып, Ұлы Шебердің құдіретіне саналы түрде бас иідірді. Қасиетті Құранның алғашқы аяты «Сені жаратқан Раббыңның атымен оқы!» деп басталуы да ойланғанға ғибрат. Құрандағы «Білетіндер мен білмейтіндер тең бе?» («Зұмар» сүресі, 9-аят); «Бұлардың ішіндегі ғылымға бойлағандарға зор сый береміз» («Ниса» сүресі, 162-аят); «Шын мәнінде құлдарының ішінде ғалымдар Алладан қорқады» («Фатыр» сүресі, 28-аят); «Раббым, білімімді арттыра гөр!» («Таһа» сүресі, 11-аят) деген аяттарды, сондай-ақ, «Ғалымдар – пайғамбарлардың мирасқорлары» (Әбу Дәуіт), «Тал бесіктен жер бесікке дейін білім іздеңдер» (Әл-Ажлуни), «Білім мұсылман әйелге де, ерге де парыз» (Ибн Мажа), «Ілім үйренуге шыққан адам Алла жолында» (Муслим) деген секілді хадистерді көкейге түйген

мұсылмандар ілім үйренуге талпынып, сауаттылықты барынша жаюға тырысқан. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) он мұсылманға оқу-жазу үйреткен тұтқындарды босатып, суффа сахабаларын мешітке жинап, тек қана іліммен шұғылдануға жұмылдырған.

Исламдағы алғашқы ілім ошағы әл-Масжиду-л Набауимен (Пайғамбар мешіті) басталған. 830 жылы халифа әл-Мамун тұрғызған Бағдаттағы әйгілі «Бәйту-л хикма» - осының бірі. «Бәйту-л хикма» (оқу-ағарту үйі) аударма орталығы, кітапхана, сондай-ақ алғашқы жоғары оқу орны рөлін де атқарған. Тіпті «Бәйту-л хикмаға» қарасты арнайы обсерватория да салынған. Бұл кезеңде тараған обсерваториялар бір жағы астрономия пәнін үйрететін мектеп қызметін де атқарған.

Бағдатта уәзір Низаму-л Мүлк тұрғызған «Низамия» медресесі сол кезеңнің ең озық, ең ірі оқу орны міндетін атқарған. Андалусиялық әмауилер мен Бәни Ахмар мемлекетінде де оқу-ағарту жұмыстарына көңіл бөлінген.

Аббасилер кезеңінде білім басты назарда болған. Халифа Һарун ар – Рашид Анкараны өзіне қаратқан кезде, сондай-ақ халифа әл-Мамун Византия императоры Мишель III-ті жеңгенде, екі халифа да төлем ретінде ақша емес, көне жазбаларды талап еткені ой саларлық. Әсіресе, Умеядтар кезеңінде Иран, Үнді, Сирия, грек тілдерінен көптеген еңбектер арабшаға аударылған. Ежелгі грек тілінен Аристотель, Птолемей, Пифагор, Евклид, Гиппократ, Платон, Архимедтің өлмес-өшпес шығармалары, парсы және санскрит тілдерінен де терең ой, парасатқа шақыратын талай асыл дүниелер араб тіліне аударылды. Оларға түсіндірмелер жасалды. Аударма жұмыстары Аббасилер кезеңінде тіпті үдеген. Аударудың арқасында көне мәдениеттермен кеңінен танысқан мұсылман ғалымдары бұл мәліметтерді өз білімдерімен байытып, жетілдіре түскен.

Ислам әлемінде ғылыми жұмыстар мәселесінде Андалусия әмауилері озып шыққан. Бағдат пен Кордовадан бастап, Ислам әлемінің қалаларында кітапханалар мен медреселер көптеп бой көтерген. VIII-XII ғасырларда ғылымның дамуы тұрғысынан мұсылмандарға жетер ешкім болмаған. Еуропадағы мәдениеттің қалыптасуына, ренессанс пен реформалық қозғалыстарға Ислам мәдениеті зор үлес қосқан. Мұсылмандар тәпсір, қирағат, фикһ, қалам, хадис секілді ислами білімдерді дамытқан. Тәпсірде әт-Табари, әз-Замахшари, Ибн әл-Араби, Фаһр ад-дин әр-Рази, Ибн әл-Касир сынды ғалымдар көзге түссе, фикһта Әбу Ханифа, Имам Малик, Имам Шафиғи, Ибн Ханбал секілді білімге ерекше терең бойлаған ғалымдар шыққан. Қалам саласында Имам әл-Газали, Ибн әл-Арабилер өз қолтаңбасын қалдырса, хадис саласында Имам әл-Бұхари, Имам Тирмизи, Имам Мұслим, Малик ибн Анас сынды білгірлер алдына жан салмаған.

Мұсылмандар ислами ілімдермен қатар медицина, математика, астрономия, химия, философия, тарих, география секілді жаратылыс пәндерін де дамытқан. Әсіресе халифа Һарун ар-Рашид пен әл-Мамун кезеңдерінде мұсылмандар білімде ешкімге ат оздырмаған. Әр салада әлем мойындаған озық ғұламалар жетілген. Айталық, медицинада Әбу Бәкір ар-Рази, Ибн Сина; математикада әл-Хорезми, Ибн Жамшид, әл-Бируни, Омар Хайям; химияда Жабир ибн Хайян, әл-Максиди; пәлсапада Әбу Насыр әл-Фараби, әл-Кинди; астрономияда әл-Баттани, Әли Қушжи; тарихта ал-Масуди, әт-Табари, Ибн Халдун; географияда Ибн Баттута, Ибн Хаукал, тағы басқалар ерекше еңбек еткен.

Алғаш күн сағатын ойлап тапқан Жабир ибн Әфлаһ (орға ғасырда), атом бомбасы жайлы алғаш түсінік берген Жабир ибн Хайян (721-805), автоматтық жүйені алғаш ойлап тапқан Жазари (1136-1206), зоологиялық энциклопедия кітабын жазған Мұхаммед ибн Мұса (1349-1405), тригонометрияға тангенс, котангенс, синус және косинус заңдылықтарын қосқан Әбу-л Уафа (940-998), алгебра кітабын жазған әл-Хорезми (780-850), агрономия саласында тұңғыш еңбек жазған Ибн Аууам (XII ғ.), алғашқы қағаз фабрикасын құрған Ибн Фазыл (739-805), ішек, құрт микробын тапқан Камбур Уасим (?-1761), Жер шарының диаметрін алғаш өлшеген Мұхаммед ибн Мұса, алгебрадағы «Бином» формуласын тапқан Омар Хайям (?-1123), қазіргі дүние жүзі картасына өте жақын кейіпте дүние жүзі картасын сызған Пири Рейс (1465-1554), алғаш ұшақ жасаған Ибн Фирнас (?-888), тұңғыш рет компасты ойлап тапқан Кабажаки (Қыпшаки?) (XIII ғ.), тарих ғылымын алғаш жүйелеген Ибн Халдун (1332-1406), химия саласында Кантитаф тәсілін ашқан Әбу-л Қасым әл-Кашш (?-1436), 1000 жыл бұрын майда тамырларды тауып, алғаш рет рак ауруына операция жасаған Әли ибн Аббас (?-994) секілді жүздеген ғалымдар мұсылмандар еді.

Қазақ халқы исламды тек қабылдаушы ғана болып қалған жоқ, сонымен қатар біз – ислам өркениетін байытуға үлес қосқан халықпыз. Ислам дінінің тарауы арқылы қазақ жерінде де ғылым



дами түсті. Тіліміздегі «қалам, дәптер, кітап, мектеп, ұстаз, мұғалім, медресе» сынды ғылымға қатысты көптеген сөздердің араб тілінен енгендігі исламның жерімізде ғылымның дамуына қаншалық оң әсер еткендігін аңғартса керек. Ислам діні келгеннен кейін еліміз аумағында көптеген әлемге атақты ғалымдар шықты. Мысалға айтқанда, Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан даналар ішінде Әбу Нәсір әл-Фараби (870-950) – ғылымның барлық саласы, Әбу Райхан әл-Бируни (973-1048) – әсіресе география, Әбу Әли Ибн Сина (980-1037) – медицина, Ұлықбек (1394-1449) – астрономия, Әбу Ибраһим Исхак әл-Фараби (951-?) мен Исмайл әл-Жауһари әл-Фараби (?-1002) араб тіл білімі, Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1561) тарих, филология ғылымдарына өзіндік үлес қосса, бұлармен қатар Исфиджаб-Сайрам, Йасы-Түркістан, Тараз бен Сығанақтан шыққан асыл перзенттеріміз де мұсылман заңы мен хадистану, тәпсір секілді ислами ілімдер саласына қалам тербеп, ислам мәдениеті мен ғылымынан өзіндік орын алды. Бұл біздің даламызға тән Ислам жолының басым бағыттарының бірі ғылыми-ағартушылық бағыт болатынын көрсетуде.

Түркі даласына Исламның жетуі мен тарауында Йасыдан шыққан ғұламалардың ішінде түркі әлеміне тағымал Қожа Ахмет Йасауидың (1093-1167) орны бөлек. Тарихқа қарасак, орта ғасыр Ислам өркениеті мен мәдениетінің ықпалы күшейген кезең екенін көреміз. Хорасан аймағынан бастау алған сопылық бағыт қазақ жерінде де қанат жая бастады. Осы тұста өмір сүрген Қожа Ахмет Йасауи бүкіл күш-қайратын ізгілік жолына арнап тек қана ақиқатты жырлады. Бүкіл түркі жұртын татулыққа, тазалыққа үндеді. Сол арқылы түркі халықтарының ақиқатқа көзін ашып, Аллаға деген құрметін арттыра түсті, Исламға деген танымын кеңейтті. Сондай-ақ, сопылық жолдың да негіздерін дұрыс түсіндірді. Шарифат, тариқат, ақиқат, мағрифат ұғымдарының маңыздылығына тоқталды. Йасауи өз хикметтерінде тасаууф ілімі туралы кең мәлімет беріп, оны шын мәніндегі ілім ретінде жоғары бағалады. Түркі тілдес халықтар арасына Ислам діні сопылық жол арқылы кең тарады. Сопылық жол да өз арасында бірнеше тариқаттардан тұрды. Әрине, шынайы сопылық жолды ғалымдарымыз қолдаған. Қожа Ахмет Йасауиді ешкімнің жекешелендіруіне және Йасауи жолын жеке пайданы дйттейтін, жікке бөлу секілді теріс мақсатқа пайдалануға жол бермеу керек.

Ислам діні сан ғасырлардан бері мемлекеттің тірегі ретінде ақыл мен парасаттың, озық ғылым мен ұлы өркениеттің, мәдениет пен татулықтың діні қызметін атқарып келеді. Ата-бабаларымыз таңдаған ұлы жол қай кезде де елді бірлік пен ынтымаққа шақырып, тәрбие мен өнегеге бастады. Салтымызға сіңіп, дәстүрімізге айналды. Қыз ұзату, шілдехана, тұсаукесер, сүндет той, келін түсіру, баланы қырқынан шығару секілді салттарымыздың қай-қайсысы да мұсылмандық таныммен әдемі үйлесуде. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет», «Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без», «Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің ырысы артық» сынды тәрбиелік мақалдардың көпшілігі мұсылмандық этикамен тығыз астасып жатыр. Сондықтан ұлт тәрбиесінің мәйегі болған дініміз алдағы уақытта да осы жүрісінен жаңылмақ емес. Баршамыз мақтаныш тұтатын кешегі өткен Қауам ад-дин әл-Итқани әл-Фараби әт-Түркістан (1286-1357), Гибатулла әт-Тарази, Хусам ад-дин әс-Сығнақи және басқа да Сығнақ пен Кердер ғалымдары, Тараз бен Отырар ғұламалары, берісі Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, т.б. – бәрі де фикһта Ханафи мәзһабын, ақилала (сенімде) Матуриди мектебін ұстанған. Сондықтан о бастан сунниттік екеніміз, іс-амалда Ханафи мәзһабы мен сенімде Матуриди жолын таңдауымыз ұлт ретінде ұйысып, мемлекет ретінде дамуымызға тың серпін берген. Ендеше бүгінгі күні дінде де ата-бабамыз салып кеткен сара жолды ұстануымыз аса маңызды.

Арабтар жаулап алар тұста ежелгі түркілер мекендеген Тұран жерінде диканшылық, мал өсірумен қатар, алтын, күміс, жез, темір, қорғасын өндірген елдің өзіндік өскелең мәдениеті болған. Түркі қалаларында тоқымашылық, сауда-саттық пен қолөнері қатар дамыған. Түркілердің Мары, Шаш (Ташкент), Шауғар (Түркістан), Сауран, Отырар, Сайрам, Тараз (Жамбыл), Баласағұн сияқты қалалары байырғы Жібек жолының бір тармағында оналасуы Үнді, Қытай, Византия мемлекеттерімен сауда-саттық жасап, қатынастар жасауға жол ашқан.

Дегенмен, арабтар келгенге дейінгі кездегі жаугершілік салдары һәм жергілікті шонжарлардың озбырлығы мен өзара қақтығыстары шиеленістіре түскен ішкі қайшылықтардан әлсірей бастаған Түркі қағанаты, Батыс және Шығыс болып екіге бөлініп кеткенін былай қойғанда, бірте-бірте тайпалық одақтарға, тіптен рулық бірлестіктерге де ыдырай берген. Мұның өзі түптеп келгенде Тұранды арабтардың жаулап алуын тездете түсті. Қатаң тәртіп пен Африка, Азия мен Европада жүргізілген соғыс қимылдары тәжірибесіне сүйенген араб әскерлері Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігіндегі

қалалар мен қоныстарына шетінен ту тіге берді. Белгілі ғалым А. Көбесов атап көрсеткендей, жаңа қалыптасып келе жатқан феодалдық қатынастар, орасан зор мемлекеттің саяси-шаруашылық мүддесі өзі бағындырған елдер ғылымына басқаша қарауды талап етті. Атап айтқанда, араб ғылымы ескі грек және үнді ғылымынан нәр алумен қатар, мәдениеті жоғары басқа да елдердің – Мысырдың, Шамның, парсының, әсіресе Орта Азия елдерінің үздік ғылыми дәстүріне негізделді.

Ғылымның қадір-қасиетін дұрыс түсіне білген Бағдад халифалары аталы-балалы әл-Мансұр, Һарун ар-Рашид (кәдімгі «Мың бір түн» кейіпкерлерінің бірі), әл Мамундар (VIII–IX) ғылымды дамыту мәселесіне көп көңіл бөлді. Бағдадта және басқа қалаларда астрономиялық обсерваториялар салдырылды. Һарун ар-Рашид «Даналық үйі» («Байт әл-хикма») деп аталатын, жанында жақсы жабдықталған кітапханасы бар, арнаулы аудармашылар орталығын құрды. Кейінгі халифа әл-Мамун бұл орталыққа мемлекеттік сипат беріп, көптеген қаржы, арнайы штат бөлді, грек, сирия, үнді тілдеріндегі қолжазбаларды мол алдырып, оларды мұқият аудару жұмысын қызу жүргізді. Аздаған уақыттың ішінде Үндістан астрономдарының және Гиппократ, Платон, Аристотель, Евклид, Архимед, Менелей, Аполлний, Птоломей сияқты грек ғылымының көрнекті өкілдерінің еңбектері араб тіліне аударылып, шұғыл зерттеле бастады. Осылай ғылым тарихында үлкен мәні болған Бағдад мектебі құрылды. Бағдадқа жан-жақтан асқан білімпаз оқымыстылар шақыртылып топтастырылды.

Біз Бағдад обсерваториясы мен «Даналық үйінің» ғылыми жұмыстарының басты ұйытқысы Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан ғалымдар болғанын мақтанышпен айтамыз. Олардың ішінде әйгілі Мұхаммед әл-Хорезми (Хорезмнен шыққан), Ахмед Ферғани (Ферғанадан шыққан), Аббас Жауһари (Отырар атырабындағы Гаһар мекенінен шыққан), Ахмед Маруази (Марыдан шыққан) және басқалар бар» [1; 27-28].

Бұлардың ішінен теңдесі жоқ үздік ойшылдардың бірі – шоктығы биік ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің есімі ерекше жарқырап көрінді. Ол – ежелгі Отырар мен оның тікелей ықпалында болған іргелес қалалар қалыптастырған археологиялық Отырар-Қаратау мәдениетінің, сол сияқты осы өңірдің орта ғасырлардағы жетістіктерінің негізінде қазір Отырар өркениеті болып таныла бастаған ғылым мен мәдениет үлгісін тудырған елдің азаматы.

Шарықтап кемеліне жеткен шақта екі жүз гектардан астам жерге орналасқан осы бір алып қаланың орталық бөлігінің 20 гектардай болып қалатын құландысы Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданында жатыр.

Көне жазба деректерге қарағанда, Отырар (Фараб деген атпен де белгілі) есте жоқ ежелгі заманнан-ақ сан алуан тарихи, сауда, дипломатиялық қатынас жолдарының түйіскен жерінде пайда болған белгілі мәдениет орталығы еді.

Ол жайында алғашқы деректерді көне грек оқымыстысы Птоломей еңбектерінен кездестіреміз. Бертін келе ол жайлы араб пен парсының жиһанкезген жағрафияшылары Әбу Исхак Ибраһим әл-Истахри (849-952), Әбу-л Қасым Ибн Хауқал (X), Шамс ад-дин Абд Аллах Мұхаммед әл-Мақдиси (X), Әбу Джағфар Мұхаммед ат-Табари (?–923), Әбу-л Хасан Әли әл-Масуди (?–965) шежірелерінен оқимыз. Мысалы, ат-Табари 739 жылы Шаш қаласы әкімінің сондағы араб әміршісі Насыр бин Саидтың өтініші бойынша Харис бин Сурейдж дегенді түркілермен бірігіп араб (умаийа) өкіметіне қарсы шыққаны үшін Фарабқа жер аударуды өтінгені жайлы жазған. Ат-Табари тағы да Фарабтан басқа Отырар қаласының да атын атаған. Ал, 809–818 жылдары Хорасандағы араб билеушісі әл-Мамун уәзірі әл-Фадл ибн Саһлға Отырарбанд қаласы әміршісінің салық төлеуден бас тартқанын айтып шағынған. Отырар Кангу-Тарбан, Тұрарбан деген аттармен де тарихқа енген.

Отырар–Фараб хақындағы мағлұматты Әбу-л Уалид Мұхаммед әл-Азракидің (IX) «Мекке қаласының жылнамасы» атты еңбегінен де ұшыратамыз. Сондай-ақ әл-Истахри мен Ибн Хауқал да Фараб уалаятын суреттей келе, «ол өзеннің (Сырдарияның) екі жағалауына бірдей орналасқан» десе, бәлкім ол Сырдың сол жағалауындағы Оксыз (Уасидж) қаласын да Отырарға қосып есептеген болар, Ибн Хордадбей (820-912) Фараб қаласының Сырдария өзенінің тек оң жақ жағалауында екенін айтқан.

X ғасырда Фараб жеке ықылым ретінде көрінеді. Әл-Истафхри мен Ибн Хауқал Фарабтың Исфиджабтан бір-екі күндік жол жүретін Сырдария өзенінің орта ағысының тұсында жатқан қала екендігін көрсете отырып, «Кенджид өңірінің астанасы Субаникенттен ол бір күндік жерде» дегенді айтады. Сондай-ақ, ортағасырлық авторлардың «онда (Фарабта) берік қамал мен бекінісі бар. Жері тұзды және сортаң болып келеді, ал Фараб өзенінен батысқа қарай жатқан жер ғана егіншілікке қолайлы»

деуінде де белгілі бір шындық жатса керек. Олай дейтініміз Отырар қаласының қираған жұрты жатқан қазіргі Отырар ауданының жері күні бүгінге дейін сортаңдау болып келетінімен байланысты. Ал, Ибн Хауқалдың Фараб өзені деп отырғаны Арыс болуы да мүмкін. Тарихшының «Фараб Кенджид пен Шаш аралығы жайылымды жер, онда ислам дінін қабылдаған мыңға жуық түркі отбасылары тұрады» деген деректері де көңілге қонарлық жайттар [2].

IX ғасырда өмір сүрген Ибн Хордадбей еңбегінде жеке қала ретінде аталған Фараб, неге екені белгісіз, Әл-Истахри мен Ибн Хауқал шежірелерінде аталмайды. Әл-Мақдиси Фарабтың Кедерден де (қазіргі Құйрықтөбе) көне қала екенін жазады. Ол «осы өңірдегі бас қала Фараб деп аталады. Ол – өте үлкен шаһар. Жетпіс мыңға жуық әскер жинай алады, шаһристанында күмбезді мешіт бар, базары раббатта орналасқан. Ал Кедер болса, жаңа қала. Онда салынған ғибадатхана – өзара қырқыстан соғыс өртін тұтатты» [3] – дейді. Бәлкім, бұл Отырар әміршісінің қала сыртындағы тұрағынан аз уақыт өлкенің кіндік қаласы дәрежесіне дейін көтерілген Кездерде мұсылман дінінің орнығуымен байланысты оқиға болар. Өйткені мұнда ағаштан ойып, бояулы суреттермен толықтырылған бұғаттық құры бар, «қамалды қоршаған садақшылар, құбыжық бейнелер, тақта отырған төрт аяқты құдайдың кескіні бейнеленген» ғибадатхананың болғанын [4; 17] археологиялық қазба зерттеулерінің нәтижесі де көрсетіп отыр. Мүмкін сондықтан да болар «Худуд әл-Әламның» авторы: «Фараб – бай өлке, оның бас қаласы Кедер деп аталады. Тұрғындары шетінен жауынгер де хас батырлар. Бұл жер – көпестер тоғысатын мекен» деп жазған.

Қалай айтылса да, көшпелі қыпшақ даласы мен Орта Азияның отырықшы аудандарының шегіне орналасқан осы бір алып қаланың ортағасырлардағы ғылым мен мәдениеттің аса ірі орталығы болғаны даусыз. Басқаны былай қойғанда, Отырардағы моңғол шапқыншылығына дейін әлемге әйгілі болған, теңдесі жоқ жазба мәдениет ескерткіштері жинақталған кітапхананың қаламен бірге жойылып кеткені өкінішті-ақ.

Осы тұста ғұмыр кешкен араб, парсы шежіреші-тарихшылары Из ад-дин Әбу-л Хасан Әли Ибн әл-Асир (1160-1234), Фазлалаһ Рашид ад-дин (1247-1318), Әла ад-дин Ата Малик Жувайни (1226-1283), Мұхаммед бин Ахмед ән-Насауи (?-1249) моңғолдардың Отырарға жасаған шабуылы жайында да біршама деректер қалдырған. Соның ішінде Ибн әл-Асир шежіресі аса көңіл аударарлық. Оның айтуынша, «Шыңғыс хан әуелде өзіне киім-кешек тіктіретін мата әкелуді сылтау етіп, күміс, бұлғын және басқа да қымбат заттарды молынан тиеген керуен жасақтаған. Оған көпестер мен түркілерден құрылған топ ілестіріп, Мәуераннаһрдың Самарқан, Бұхара секілді қалаларына аттандырған» [5; 5]. Бұл – шындық.

Өйткені IX–X ғасырлардан бастап Отырар, Самарқанд, Мары қалаларында тігілген киімдер аса жоғары бағаланған. Әсіресе, Аббас халифатының түсінде Марыда пішіліп, тігілген киім-кешек бүкіл Шығыс елдеріне кеңінен тараған. Мұны ғалым С.Б.Лунина да: «Марыда тігілген киім, яки тоқылған мата жайы үлкен мәселе. Сасан тұқымдары билеген тұста көктемде киілетін киімдер Марының немесе Мысырдың жұқа маталарынан ғана тігілетін. Күзде Рей (қазір Тегеранның), сондай-ақ Марының «аралас» аталған матасынан тігілген киім киілетін. Халифат тұсында Мары маталары солтүстік-батысқа және оңтүстік-батысқа жөнелтіліп тұрған. Әл-Йағқуби (?-905) де Хорасан өлкесінің әсем киімдері Марыда ғана тігілетін десе, ал Ибн әл-Фақиһ әл-Хамадани (IX–X P.) «мултехам» делінген кездемеден тігілген Мары киім-кешегі жайында айта келіп, оның әсемдігі сонша, тіпті шығыс әлемінің әдемі маталары мен киімдері де «Марылық» деп аталып кеткен болатын» [6, 126] деп жазған. Олай болса Ибн әл-Асирдың Шыңғысхан киім-кешек тіктіретін мата әкелу үшін арнайы керуен жасақтап, түркілер еліне жөнелтті деген дерегіне құлақ қоюға болады. Дегенмен керуен алдына қойылған мақсат тек киім тіктіру ғана емес еді. Белгілі шежіреші одан әрі «керуен Хорезм иелігінің солтүстігінде жатқан түркі елінің Хорезм шаһ әміршісі билейтін Отырар қаласына жеткен кезде әлгі әмірші хорезмшаһқа астыртын кісі жіберіп, мол дүниелі керуен келгенін хабарлайды. Шаһ оған керуен тартқандарды өлтіріп, тоналған дүние, барлық мал-мүлікті өзіне жіберуді бұйырған. Отырар әміршісі бұйрықты бұлжытпай орындаған» [6; 27-28] дегенді айтады.

Хорезм шаһының мұндай шешімге келуінің де өзіндік себептері бар-тын. Оның ең бастысы кірекештер арасында моңғол жансыздарының болғаны еді. Олар үлкен апаттың келе жатқаны жайында қауесет таратып, қала халқын үрейлендірген [7; 34].

Әрине, Шыңғысханның Отырарға шабуыл жасауы үшін осы сылтаудың өзі-ақ жетіп жатыр еді. Сөйтіп, көп ұзамай 1219 жылдың күзінде моңғол әскері Отырарды қоршауға алады. Әла ад-дин Ата Малик Жувайнидің айтуына қарағанда, соның алдында ғана хорезмшаһ Отырар әміршісі Қайырханға шекаралық әскер есебінен 50 мың қол берген. Оның үстіне тағы да 10 мың әскер жасақтап, Қараша хаджибті көмекке жіберген. Отырардың бекінісі, сыртқы қорғаны мығым болған. Қайырхан қажет болған жағдайда қаланың ішінде де ұрыс жүргізе алу үшін жасақтарымен дайындықтың бәрін жасаған. Жаяу және атты әскерлерді қақпаларға қойған. Сөйтіп өзі қорған үстіне шыққан кезде көз жетер жердің бәрінде бұрқанған теңіз секілді жақсы қаруланған әскер топтарын көрді. Оқ өтпес үшін темір құрған аттар мен қашырлардың кісінесінен құлақ тұнады. (Моңғол) қосындары бірнеше шеңбер жасап қорғанды (Отырарды) қоршай орналасыпты.

Моңғол әскерінің бас-аяғы жиналып болған соң, Шыңғыс хан үлкен ұлы Жошыны бірнеше түмен (мың) қолмен Сыр бойының Сығанак, Баршынкент, Жанкент сияқты қалаларын жаулап алуға аттандырған. Бірқатар әскербасыларын Ходжент пен Фенакентке жұмсаған. Үгедей мен Шағатай басқарған әскерге Отырарды қоршауды үдете түсуге бұйрық беріп, өзі қалған қолмен Бұхараға аттанған.

Отырар қаласының горнизоны асқан ерлік көрсетіп, бітіспес жауға жарты жылға жуық уақыт қарсылық көрсетті. Бірақ қоршауда қалған қала халқының халі мүшкіл бола бастаған тұста Қараша хаджиб моңғолға қала қақпасын ашып, жеңілгендігін мойындау жайлы Қайырханға сөз салады. Ал Қайырхан қақпаны ашса, жаудың өзін де, қала халқын да аямайтынын, құтылар басқа амал қалмағанын ескеріп, қала қорғанысын бар күшін салып онан әрмен жүргізе берген.

Бірде әскердің көпшілігін соңына ерткен Қараша хаджиб Сопы қақпасы арқылы сыртқа шықпақ болған. Мұны пайдаланған моңғол әскері қалаға лап береді де, ең алдымен Қарашаны тұтқынға алған. Жазығы барларды да, жоқтарын да қойдай қырып, қалғандарын сыртқа айдап шыққан. Қаланың бар мүлкі мен дүннесі тонауға түскен.

Арыстандай айбатты, ержүрек батыр Қайырхан 20 мың қолмен бас қамалды паналаған. Олардың қай-қайсысы болса да соңғы демі біткенше шайқасқан. Отырар түбінде соғысқа түскен моңғол әскерінің көпшілігінің осында жер жастанғаны да, міне, осыдан. Осындай ерлік шайқас тағы бір айға. Қайырханның қасында екі сарбазы тірі қалғанға дейін созылған. Қашып құтылам деп артына мойын бұрмаған ол сонда да шайқаса берген. Ақыры моңғол әскері қамалға басып кіріп, Қайырханды екі жолдасымен шатырға тықсырған. Сонда да олар беріле қоймаған. Моңғол әскерлеріне Қайырханды тірідей қолға түсіруге бұйрық берілгендіктен, бұйрыққа мойын ұсынған моңғол жағы оны өлтіре алмаған.

Қайырхан екі жолдасы оққа ұшып, көз жұмғаннан кейін де қару-жарағының қалмағанына карамастан, әр түрлі амал-айланы пайдаланып қарсыласа берген. Қыздар оған сарай қыштарын бұзып әпере бастағандықтан, дұшпанның, көп әскерін қышпен ұрып жайратқанымен, өзі де жау құрған торға түсіп қалған.

Отырар моңғолдан кейін де бой көтерген. Әйтсе де XIV–XVI ғасырларда кемеліне жеткен қалаға ұлы жағрафиялық ашылулардан кейін сауда керуендерінің бұрынғыдай келуі бірте-бірте қысқара түскен. Шаһар шаруашылығының құлдырауына жергілікті шонжар-лардың бақталастығы, казак хандары мен Орта Азия билеп-төстеушілерінің арасындағы ұрыс-керіс те себепкер болған. Басқа Сыр бойы қалалары сияқты Отырар да Жоңғар шапқыншылығын басынан кешкен. «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұламань» да көрген.

Сөйтіп, XVIII ғасырда тұрғындары оны тастап кеткен. 18-20 ғасырға жуық өмір сүрген ұлы қала сөйтіп елді мекен болудан қалған.

Сайрам мен Түркістан да Қазақстан тарихында маңызды рөл атқарған ежелгі мәдени, сауда, қолөнері орталықтарының қатарынан саналады. Оңтүстік Қазақстанның басқа қалалары сияқты бұлар да Орта Азия мен Шығыс Түркістанға, Үндістан мен Қытайға, Таяу Шығыс пен Жерорта теңізі жағалауына апаратын ежелгі керуен жолдар бір тармағы бойында болған.

Тарихшы, археолог ғалымдардың қай-қайсысы да Шымкент қаласының шығысында 12 шақырымдай жердегі Сайрамның ертеректе Исфиджаб-әл-Байда деп аталғанын һәм ол Жібек жолының үстінде жатқандықтан, кезінде көне түркі тайпаларының мәдени орталығы болғандығын айтады. Шынында, казак даласына ислам туы тігілгеннен бастап, мұнда болған араб, парсы саяхатшылары, жылнамашы, тарихшыларының көпшілігінің еңбектерінен Исфиджаб-әл-Байда – Сайрам деп аталған қала жайлы

мағлұмат үзілмеген. Мысалы, Орта Азиялық әл-Хорезми (?–848) «Китаб сурат әл-ард» («Жер сыпаты жайлы кітап») атты туындысында Исфиджабты тек атап кетсе, ал Ибн Хордадбей (820–912) «Китаб әл-масалик уа-л мамалик» («Жолдар мен елдер туралы кітап») деген шығармасында «Исфиджабтан Таразға дейін 26 фарсах» деп анықтай түскен [8; 64].

Исфиджаб туралы толығырақ мәлімет Ахмед ибн Йахия ибн Джабир әл-Балазуридің (?–892) «Китаб футух әл-булдан» («Жауланған елдер жайлы») атты шығармасында да кездеседі. Ол араб қолбасшысы Муслим ибн Құтайбаның (660–715) Исфиджабты 714 жылы басып алғанын айта келе: «Исфиджаб қамалы ертерек жауланған, сонан соң оған түркілер мен Шаш жамағаты иелік етті. Халифатты Муғтасим Биллаһ (803–844) билеген тұста оны әмірші Нух ибн Асад қаланы жергілікті халықтың егістігін жүзімдігімен қоса дуалмен қоршапты» [9; 465] дейді.

«Сайрам Исфиджаб деп те аталатын ақ шаһардың аты» деп жазған «Диуан лұғат ат-түркте» [10; 874] («Түркі сөздерінің жинағында») Махмұт әл-Қашғари (XI ғ.).

Йақұт әл-Хамауи ар-Румидің «Мұғжам әл-булданынан» да Исфиджаб тарихы жөнінде деректер оқуға болады. «Сонан соң, – деп жазады ол, – (бұл қалаға) 616 жылы (1219–1220) аспан мен жер жаралғалы бері бұрын болмаған бақытсыздық бірінен соң бірі ілесе келді. Ол Алла тағала жәрдемсіз қалдырғыр Қытай жерінен жеткен татарлардың келуі еді. Олар өзгелермен қатар, исфиджабтықтағыларды да қырды. Бұрынғы ғажайып бақтар мен даңқты қорғандардан қираған дуалдар мен қырылған ел ізінен басқа түк те қалған жоқ. Ал бұл қаланың халқы дінге берік, адал да ізгі ниетті, тауыпқы, тақуа-тын...

Бірақ Алла тағала өзінің құлдарына қалағанын істейді, еркінше шешеді» [11; 179-180].

Ал Түркістан (Йасы) жайлы деректерді IX ғасырдың жазба ескерткіштерінен кездестіруге болады. Ол әуелде Шауғар делінгенмен, кейінірек Йасы деп атала бастаған. XV ғасырдан бастап Түркістан атанған. Тереңге меңзейтін тарихы, өзіндік аса бай дәстүрлері бар Шауғар – Йасы Түркістан ортағасырларда Оңтүстік Қазақстан қалаларының ішінде Отырардан кейінгі дәрежеге көтерілген маңызды ғылым мен мәдениет орталығы еді.

Жазба әдебиеттерде Түркістанның аты әсіресе Орта Азия, Таяу және Орта Шығыс жұртын Әмір Темір (1335–1405) билеген кезде жиірек аталады. Оның өзіндік себептері де бар-тын. Осы бір дала қыраны атанған қаһарлы қолбасшы Тұран мен Иран жерінен жер қайысқан қол жинап (олардың арасында казактың қаңлы, қыпшақ, қоңырат, найман тайпаларынан шыққандар да жеткілікті болған), қатаң тәртіп орнатып, кіндік қаласын Самарқан еткен. Әмір Темір аталған елдерге жеңіс туын жебіреткеннен кейін, XIV ғасырдың соңғы ширегінде Алтын Ордаға, Ресейге қарай мойын бұрған кезде Дешті-Қыпшақ пен Сыр бойын мекендеген елдің көңілін аулау үшін Түркістанға назар аудара бастайды. Түркістандағы Әзірет Сұлтан кесенесі мен қорығы сол кезде тұрғызылған.

Сол Әмір Темір өз шығармаларын көне түркі тілінің қыпшақ-оғыз диалектінде туындатқан түркістандық сопы Қожа Ахмет Йасауиге ерекше ілтипат, құрметпен қараған. Оның мүрдесінің үстіне шыңылтыр күмбезді ғажайып, керемет ғимарат дәл осы Әмір Темір бұйрығымен тұрғызылған.

Иә, Сайрам мен Түркістаннан кем түсе қоймайтын қалалар мен бекіністі қоныстар қазақ жерінде баршылық еді. Ал олардың орта ғасырларда өмір сүрген зиялы азаматтарынан қалған мұра ше? Өкінішке орай, олар күні бүгінге дейін Каир мен Александрия, Стамбұл мен Анкара, Тегран мен Исфаһан, Кабул мен Қандағар, Қарашин мен Лаһор, Агра мен Дели, Берлин мен Париж, Мадрид пен Лондон, Рим мен Милан кітапханалары мен қолжазба қорларында сақталғанымен, ұрпақтарына әлі күнге дейін түгел жете алмай келеді. Оларды тауып, қазақ тіліне аударар болсақ, талай қызық жайттерге кездесер едік.

Исфиджаб – әл-Байда – Сайрам шаһарларынан шыққан даналар жайлы біз жазба деректер қалдырғандардың ішінен Орта Азияның Насаф – Нахшаб (қазіргі Қаршы) қаласының тумасы Наджим ад-дин Әбу Хафс Умар ибн Мұхаммед ан-Насафидің (?-1068) атақты «Китаб әл-қанд фи мағрифати улама Самарқанд» – Самарқан ғұламалары жайлы қанттай кітап», сондай-ақ оның тағы бір «Мунтахаб китаб әл-қанд» – «Таңдамалы қанттай кітап», Әбу Саъд Абд әл-Карим ибн Мұхаммед ас-Самъани ат-Тамими әл-Маруазидің (1113-1167) «әл-Ансаб» – «Шежіре» және осы ғалымның «Тахбир фи-л мұғджам әл-кабир», Ибн Фундук әл-Байхақидің (?-1100) «Лубаб әл-ансаб», Йақұт әл-Хамауи ар-Румидің (1179-1229) «Иршад әл-ариб ила мағрифат әл-адиб», Ибн әл-Асир деген атпен көбірек танымал Әбу-л Хасан Әли ибн Әби-л Карам Асир ад-дин Мұхаммед аш-Шайбани әл-Джазаридің (?-1160) «Әл-лубаб фи тахзиб әл-ансаб», Ибн әл-Фуати деген атпен мәшһүр Камал ад-дин Абд ар-Раззақ ибн Ахмед әл-Бағдади аш-



Шайбани әл-Ханбалидің (?-1244) «Маджмағ әл-адаб фи мугджам әл-алқаб», Ибн әл-Дауадари деген нысымен мәлімірек Әбу Бақр ибн Абд Аллаһ ад-Дауадари ибн Айбектің (?-1335) «Канз ад-Дуарар», Шафиғи мазһабы бойынша көрнекті қаламгер Таж ад-дин Әбу Наср Абд әл-Уаһһаб ибн Тақи ад-дин Әли ас-Субхидің (1327-1370) «Табақат аш-шафиғийа әл-кубра», Ханафи мазһабының белгілі қайраткері Абд әл-Қадир ибн Әби-л Уафа Мұхаммед әл-Құрашидің (1297-1373) «Әл-Джауаһир әл-мудийа фи табақат әл-ханафийа», Ханафит тарихшы, филолог, хадистанушы Бадр ад-дин Махмұд ибн Ахмед әл-Айнидің (1361-1451) «Иқд әл-джуман», Зайн ад-дин Әбу-л Фадл әл-Қасим ибн Құтлубуға ас-Судуни әл-Джамали әл-Мисри әл-Ханафидің (1399-1474) «Таж ат-тараджим фи табақат әл-ханафийа», Шафиғи мазһабы бойынша фақиһ Бұрһан ад-дин Ибраһим ибн Умар ибн әл-Хасан әл-Бақандің (1406-1480) «Усуан аз-заман би-тараджим аш-шуғуһ уа-л акран», Шамс ад-дин Әбу Абд Аллаһ Мұхаммед ибн Әли ибн Мұхаммед Тулун ас-Салиһи ад-Димашқи әл-Құрашидің (?-1546) «Әл-Джауаһир әл-Мудийасына» қосымша ретінде жазған «әл-Гураф әл-алийа фи тараджим мутаахирин әл-ханафийа», Ала ад-дин Әли Челеби ибн Имру-л Аллаһ Кинали заданың (1572 - ?) «әл-Мухтасар фи зикри табақат әл-ханафийа», Қырымдық Махмұд ибн Сүлейман әл-Кафаундің (?-1583) «Қатанб ағлам әл-ахнар мин фуқаһа мазһаб ан-Нуғман әл-мухтар», Осман тарихшысы қазы Хасан ибн Тұрхан ибн Дауд аз-Зибби әл-Ақхисаридің (1544-1616) «Низам әл-улама әл-Ақхисар», Осман ғалымы Тақи ад-дин ибн Абд әл-Қадир ат-Гамини ад-Дари әл-Газзи әл-Мисридің (?-1597) «Ат-Табақат ас-санийа фи тараджим әл-ханафийа», Осман тарихшысы Хаджи Халифаның (1609-1657) «Кашф аз-зуһун ан асами әл-кутуб уа-л фунун», Үнділік хадистанушы, исламтанушы, фақиһ Мұхаммед Абд әл-Хайй әл-Лакнаун әл-Һиндидің (1750-1794) «әл-Фауaid әл-бахийа фи тараджим әл-ханафийа» және Стамбул профессоры Ахмед Өзелдің «Ханафи фикһиһ алимлери» іспетті еңбектерінен кездестірдік.

Орта Азиялық ғалымдар жайлы қалам тербеген бұл парасат иелерінің кейбірінің шығармаларынан тиісті үзінділерді көрнекті қазақ шығыстанушысы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әшірбек Момынов жинақтап, Алматыда 2006 жылы «История Казахстана в арабских источниках» деген атпен жариялады [12; 265].

Ежелгі жазба жәдігерліктерге үңілсек оның *Тараздың* тарих сахнасына көтерілгелі бері, халқымыздың өмір-тіршілігінде үлкен де маңызды рөл атқарып келгенін көреміз. Тараз талай оқиғаларды бастан кешті.

Тараз өлкесінің тарихы, мәдениеті, тіршілік-тынысы жайлы «Қазақстан тарихы» не айтады мәселесіне келейік.

«Тараз – деп жазылған «Қазақ ССР тарихының» 1-томында, Қазақстанның неғұрлым белгілі болған орта ғасырлық қаласы. Ол жазба деректемелерде 568 жылдан бастап айтылады. Византия императоры Юстинианның елшісі Земарх Киликкийскийдің батыс түрік қағаны Дизабұлға берген есебінде Тараздың аты аталған. Шамамен, 630 жылы қытай саяхатшысы Сюань Цзан Таразды (Далассы) шеңбері 8-9 лиге (4-4,5 км) жеткен маңызды сауда орталығы деп сипаттайды.

VII ғасырда Тараз «Ұлы Жібек жолындағы» ірі қалаға айналады. Ол туралы көне шежірелер, жол көрсеткіштері мен географиялық шығармалар да осыны айтады. Тараз Батыс түрік қағанатының құрамына кірген, кейін түргештер қаласы ретінде айтылады. Одан қағандар шыққан және ол кейбір кездерде солардың басты қаласы да болған. VIII ғасырдың ортасындағы аса ірі саяси оқиға деп Таразға таяу Атлах қаласының жанында болған түріктер мен арабтардың қытайлармен шайқасын есептеген жөн. Қытай әскерлері күйрей жеңіліп, бұл олардың Жетісуды алғысы келген дәмелеріне тыйым болды. Алайда арабтар басып алған территориясын ұстап тұра алмады. 766 жылы-ақ Тараз Қарлұқ қағанатының құрамына, ал, IX ғасырдың аяғында аз уақыт Самани әулеті мемлекетінің құрамына кірді.

«893 жылы, - дейді деректемелер, - [саманилік] Исмаил ибн Ахмед Таразға қарсы соғысқа шығып, көп қиыншылық шекті. Ақыр аяғында Тараз әмірі тізе бүкті де, көптеген диқандарымен исламды қабылдады». Мұнымен бірге ибн Ахмед «олардың патшасының астанасы Таразды және оның әйелі – хатунды, 10 000-ға жуық адамды қолға түсірді. Ол бұлардың көбісін өлтірді және тартып алған салт мінетін малдарының көптігі соншалық, тіпті санап шығу мүмкін емес. Олжаны бөлген кезде әрбір мұсылман жасағына 1000 дирхемнен тиді». Таразды алу туралы әңгімені Наршахи бірнеше маңызды деректермен толықтырады: «Тараз әмірі тізе бүкті және көптеген диқандарымен исламды қабылдады. Тараз алынды, үлкен шіркеуді басты мешіт етті...» [13; 76].

Қаланың сауда жолының бойында, бай егіншілік алқабының ортасында, Талас Алатауындағы күміс рудниктерінің қасында тұруы оның гүлденуіне себепкер болды. X ғасырда әл-Макдисидің айтуы бойынша, «Тараз – толып жатқан бау-бақшасы бар, бекіністі үлкен қала, халқы көп; оның айнала терең оры, төрт қақпасы және халық тұратын рабаты бар. Медина қақпасының түбінде үлкен өзен бар, қаланың бір бөлігі соның арғы бетінде, онан отетін өткелі бар. Үлкен мешіт базарлар ортасында»...

Қала дамуының кейбір жалпы проблемалары мен оның мәдени байланыстарын, атап айтқанда, VI-VIII ғасырларда Соғдымен, Шашпен, Иранмен, байланыстарын баяндауға мүмкіндік беретін негізгі материал керамика болып отыр (Тараздан табылған ыдыс-аяқтағы сасанидтік өрнекке тән әуендер, күйдірілген таза балшықтан құнарлылық құдайының мүсіндері). Шығыс Түркістандағы осындай қалыпшылар сияқты осы жерден табылған адамның бет-пішінін жасауға арналған қалыпшалар Шығыспен байланыс жүйесін байқатады. Сызғылап жазылған Сирия жазулары бар шіркеу жабыдығының табылуы қалада өз шіркеуі бар христиан қауымының өмір сүргенін көрсетеді. Түріктерде әбден кемелденген ағашты өрнекпен ою өнерімен, сондай-ақ көшпенділердің дәстүрлі кілем өрнектерімен байланысып жатқан геометриялық ою-өрнекпен безендірілген керамикалық бай коллекциялар – өздерінің көркемдік талғамын қалалық ортаға ала келген көшпенділердің қалаға келіп қоныстанғандығының тағы бір дәлелі.

IX-X ғасырларда Тараздың өрлеуі байқалады. Осы уақыттың мәдени қабаттарынан шыныдан, керамикадан және металдан жасалған өте көркем заттар табылды. Бірқатар қазбаларда тұрғын үйлердің қалдықтары ашылды.

Тараз халқы тығыз қоныстанған ауданның орталығы болды. Оны жағалай Талас, Ассы және тау өзендерінің бойында толып жатқан қалалар мен қоныстар – Төменгі Барсхан, Хамукет, Жікіл, Адахкет, Дех-Нуджикет және басқалары орналасты.

IX ғасырдан бастап белгілі болған Төменгі Барсхан Тараздан Шығысқа қарай 3 фарсах (20 км) жерде тұрған. Қала деректеме сипаттамасы бойынша, дуалмен қоршалған, мешіті, базары болыпты. Оның қираған қалдығы Жамбыл қаласынан шығысқа қарай 18-20 км жерде, Қарасу өзенінің жағасынан табылды. Бұл – бітімі төрт бұрышты, ұзындығы 310 см, ені 140 м төбе. Оның ортасында шығыс пен батыстан жанаса орналасқан рабадтары бар шаһристан болған. Шаһристанның солтүстік-батыс бөлігінде ішкі қамал орналасқан, одан биіктігі 9-10 м үйінді ғана сақталған. Қала жұртының айналасы мүжіліп жалпайған мұнаралы дуалмен қоршалған. Кіретін қақпасы екеу – мұнарамен қорғалған шығыс жағында және батысында болған. Рабаттардың орнындағы төбешіктерде үш су қоймасының болғаны байқалады» [13: 409-410].

Иә, қазақ елі мен жері өзінің ұзақ ғасырлық тарихында түрлі кезеңдерді, аламантасыр ғасырлар мен дүрбелең жылдарды бастан кешті. Әйтсе де оның дәуірлеген кезі Ислам діні мен өркениетінің қазақ жеріне, еліне келуімен тығыз байланысты болды. Ислам отанымызға VIII ғасырдың басында аяқ басты. Оған дейін бабаларымыз жоғарыда айтылғандай түркілік дәуірді бастан кешті. VI ғасырда түрік қағанатының күәсі болды. Кейіннен қағанат Шығыс пен Батыс болып екіге бөлініп кетті. Олар да ұзақ тұра алмады.

702 жылы Батыс түрік қағанаты құлады да Түркен қағанаты құрылды. Ол жерде түрлі түркі тайпалары бірде достасса, қыз алып, қыз беріссе, енді бірде текетіресіп жауласты. Оған оңтүстік шығыстан Қытай үнесі көз тігумен болды. Сұғын қадады. Уақыт өте Отанымыздың Оңтүстік өңіріне арабтар келді. 714 жылы араб әскерлерін бастаған Мүслим ибн Құтайба ежелгі қазақ жеріне жорық жасап, осы күнгі Оңтүстік Қазақстандағы біраз қалалар мен қорғандарға ту тікті. Исфиджаб-Сайрам қарсылық көрсете алмай жығылды. Отырар да солардың кебін киді.

Бабаларымыз Ислам дінін қабылдады. Ислам қала мәдениеті еді. Сол себепті де қалалар мен елді мекендерде мешіттер, медреселер, керуен сарайлар салына бастады. Оңтүстік Қазақстан Ұлы Жібек жолының бір тармағы бойында жатқандықтан да сауда дами бастады.

Бірақ Исламның қазақ даласына тарауы біраз жылдарға созылды. Бір тайпалар жаңа дінді қабылдап, қала мәдениетіне бейімделе бастаса, енді бірі киіз үйі, шатырларын көтеріп, жайылымнан жайылымға көшіп, байырғы тұрмыс-тіршілігін жалғастыра берді. IX-X ғасырларды сипаттаған араб тарихшы, шежірешілерінің жазба деректерін оқи отырып осындай жайтты көреміз. Арабтар бірте-бірте Тараз бен оның маңындағы Шелжіні (Шелжикасты), Жікілді, Құлан, Меркі, Асфара, Баласағұнды алды. Бірақ мұсылмандардың жеңісті жорығын тоқтатқысы келген қарақытайлар да қарап қалған жоқ.

751 жылы Тараз жанындағы Атлахта араб сарбаздары мен каракытайлар арасында кескілескен шайқас болды. Мұсылмандардың мерейі үстем болды.

Қазақ елінің, жерінің тарихы арабтар Мауараннаһр деп атаған Орта Азия тарихымен тығыз байланысты. Мауараннаһрге IX ғ. өздерін ежелгі Иранның Сасан патшалары әулетінен тарататын Саманилер иелік етті. Олар аббастық халифалар құзырында болды. Олар саманилерді әміршілер ретінде мойындап, Самарқанды, Ферғананы, Шашты және Әмударияның оңтүстігіндегі Гератты да билеулеріне рұқсат етті. Саманилер оқтын-оқтын осы күнгі Оңтүстік Қазақстанда күн кешіп жатқан түркі тайпаларымен шайқасып отырды. Саманилер билік тағында нық отырды. Ислам діні олардың әсерімен қазақ даласына бірте-бірте жайыла бастады.

Оның үстіне Ұлы Жібек жолы бойында жатқан Исфиджаб (әл-Байда, Сайрам), Отырар, Талас – Тараз, Баласағұн рухани-мәдени ордаларға айналды. Экономикалық өмір өрледі. Алыстағы мұсылман елдерінен қалам ұстағандар келіп тұрақтай бастады.

Саманилер ислам дініне кең жол ашты. Өркениеттің өрістеуіне бейіл болды. Араб жазуы қабылданды. Ол абжадта бірте-бірте жазба дүниелер пайда бола бастады.

X ғасырдың аяғына қарай Саман мемлекетінің іргетасы шайқалып, оның иелігіндегі жер екі уалаятқа бөлініп кеткенде Жайхун (Амудария) өзені екіге бөлінген елдің шекарасы іспетті болып қалған еді. Саман тұқымын енді түркінің қанлы, қарлұқ, шігіл, яғма тайпаларына билігін жүргізген Қарахан әулеті билігін алмастырады.

Қарахан мемлекетінің жері батысында Бұхарадан Сайхун (Сырдария) өзенінің төменгі ағысынан бастап, шығысында Жетісу мен Қашғар аралығына дейін созылып жатты. Бірақ Қарахан әулетінің де салтанат құруы көпке бармады. XI ғасырдан бастап-ақ ішкі және сыртқы қайшылықтармен шырмалған Қарахан иелігі де екіге бөлініп тынды. Мауараннаһр (Мәуереннаһр), Ферғана, Шаш (Ташкент), Ходжент, Самарқан жеріне иелік еткен мемлекеттің орталығы Бұхара болса, ал Исфиджаб (Сайрам), Тараз (Жамбыл), Жетісу, Қашғар жерлерін қамтыған шығыстағы хандықтың кіндік қаласы Баласағұн болғанымен, діни және мәдени орталық Қашғар қаласы еді.

Саман әулеті іргесін қалаған әдебиет пен өнерді Қарахан тұқымдары өзгерте алған жоқ. Өйткені олар да өздеріне дейінгілер сияқты, негізінен, ислам дінін ұстанған. «Түркі әкімдерінің сарайларына енді парсы ақындары да шақырылатын болған. Түркі билеушілері олардың шығармашылығына қанат бітіріп қана қоймай, өздері де парсыша өлеңдер жаза бастаған» [14: 4].

Қарахан әулеті сәулет өнеріне, қала құрылысына да баса назар аударған. Олар билеген тұста Талас – Шу алқабы арқылы Іле Алатауы сілемдерінің баурайымен Алматыға (Алматы), Талхирға (Талғар) жетіп, онан әрі Алмалыққа (Жоңғар қақпасына кіреберісте) қарай тармақталып кететін керуен жолдарының өн бойына кішігірім қалалар, бекіністі қоныстар, керуенсарайлар салынған. Меркі, Құлан, Екіөгіз, Қойлық (Талдықорған) қалаларының орындары, сәулеткерліктің биік шоқтығынан саналатын Бабаша қатын, Айша бибі, Қарахан күмбездері – сол дәуірден қалған ескерткіштер. Сөйтіп, Қазақстанның оңтүстігінде сауда-саттық, колөнер, ғылым мен мәдениет бұрынғыдай дами берген.

Батыс қағанатқа қараған Бұхара мен Самарқан, Ферғана қалалары жайлы ислам жұртының көптеген ғалымдары қалам тербесе, ал Оңтүстік Қазақстандағы қалалар мен елді мекендер де ғалымдар назарынан тыс қалмады: Қарахандықтар кезінде Ферғана, Бұхара, Самарқанд, Хорезм өлкесі имам әл-Бұхари, әл-Хорезми, әл-Марғинани, Самарқандилер атанған тамаша ғалымдарды дүниеге әкелді. Олар өлмес, өшпес шығармалар туындатты. Хадис жинаушылар, хадистанушылар, фикһшілер көбейді. Орта Азияның шаһарлары мен қалаларының тарихы да хатқа түсіп жатты.

Жұртымыздың жүрек қалауымен исламды қабылдауы ислам мәдениетінің, өркениетінің кең жайылуына, жергілікті жерден көзі ашық, көкірегі ояу, ғылымға, білімге ден қойған азаматтардың шығуына барынша ықпал етті. Мешіттер саны өсті. Таяу және Орта Шығыстағы мәдениет орталықтары мен байланыс тұрақты сипат алды. Қазақ жерінің Отырар, Сүткент, Кедер, Оқсыз, Сығанақ, Сауран, Исфиджаб-Сайрам, Итқан (Иқан), Манкент, Тараз, Құлан, Меркі, Баласағұн секілді т.б. жерлерінен шыққан ғылым іздеген ұландары Ирандағы Рей (Тегеран), Исфahan, Шираз, Нишапур, Мешhed, Серахс, Йазд, Хамадан, Керман; Ирактағы Бағдад пен Басра, Сириядағы Дамаскі мен Халаб, Мысырдағы Каирге жолға шықты. Сонда тұрақтап қалды. Өз шығармаларын дүниеге әкелді. Ал, елімізге саяхаттап, немесе ислам дінін, мәдениетін таратып, насихаттауға келгендер де көрген-білгендерін хатқа түсіріп жатты.

## *Пайдаланылган әдебиеттер*

1. Көбесов А. Әл-Фараби. Алматы. 1971 ж.
2. Отырар жайлы деректер К. А. Акишев, К. М. Байпаков, Л. Б. Ерзаковичтердің («Древний Отрар») кітабынан алынды.
3. Фараб жайлы мәліметтер В. В. Бартольдтен алынды.
4. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. Алматы, 1992.
5. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой орды. – СПб., 1884. – 2 т.
6. Лунина С. Б. О культурных связях средневекового Мерва / Средняя Азия в древности и средневековье. – М., 1977.
7. Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б. Древний Отрар: Топография, стратиография. Перспектива. – Алматы, 1972.
8. Әбу-л Қасым Убайдулла бин Абдалла ибн Хурдадбех. Әл-Масалик уа-л мамалик. Лейден 1889. (Ибн Хордадбех. Книга путей и стран / Пер. с арабского, комментарий, исследование, указатели и карты Н. Велихановой. – Баку, 1986. – 64 с.).
9. Ахмед ибн Йахия ибн Джабир әл-Балазури. Әл-булдан уа футухуһа уа ахкатуһа. Бейрут 1992.
10. Махмұд ал-Кашгари. Диван лугат ат-т-турк / Перевод и предисловие З-А. М. Ауэзовой. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
11. Йақұт әл-Хамауи ар-Руми. Мұғджам әл-бұлдан. Бейрут 1995, 7 том; 1-том.
12. История Казахстана в арабских источниках. Извлечения из сочинений XII–XVI веков / Составление, перевод с арабского, введение, комментарии А. К. Муминова. Ответственный редактор А. К. Муминов. – Т. 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
13. Қазақ ССР тарихы. Бес томдық. Алматы 1980, 1-том, 407-409-беттер; (Сондай-ақ қараңыз: Волин С. Л. Сведения арабских источников о долине реки Талас и смежных районах // Труды института истории, археологии и этнографии АН КазССР. – Т. 8, 1960.
14. Стеблева И. В. Развитие тюркских поэтических форм в XI веке. – М., 1971.

*КОСИЧЕНКО АНАТОЛИЙ ГРИГОРЬЕВИЧ,*

*доктор философских наук, профессор,*

*главный научный сотрудник Института философии,*

*политологии и религиоведения КН МОН РК (Казахстан, г. Алматы)*

## **ЦЕЛИ И СОДЕРЖАНИЕ ПОЗНАНИЯ В МИРОВЫХ РЕЛИГИЯХ**

Смысл и цели познания человеком окружающего мира и себя самого не носят раз и навсегда заданного формата и способа. Все формы жизнедеятельности человека порождают внутри себя специфические способы познания. Самый известный из этих способов – наука в той форме, какую она обрела в Новое время и в которой с тех пор существует. Именно научное познание и соотносится с познанием как таковым, и когда мы сегодня говорим о познании, то имеем в виду, прежде всего, а подчас и исключительно, науку. Но хорошо известно, что помимо науки существуют и иные формы познания, как мы начинаем понимать, вполне имеющие право на существование, сколь бы инородны и инаковы науке они ни были. Научное познание, о котором речь шла выше, и достигнутые им знания характерны, в первую очередь, для западной цивилизации, и хотя эта цивилизация сегодня доминирует во многих отношениях, помимо нее существуют и иные цивилизации: к примеру, исламская, православная цивилизации, цивилизации Востока и т. д. Практически все цивилизации имеют в своем основании ценности, определяющие основные параметры цивилизаций, а также идеалы, реализовать которые эти цивилизации стремятся. В основе многих, почти всех, культур и цивилизаций лежат религии, цивилизации строились вокруг религий, произрастая из религиозных ценностей.

В настоящее время трудно, почти невозможно, рассмотреть в содержании научных знаний современности религиозные истоки этих знаний. Принято считать, что современная наука если и не противоположна религии, то, во всяком случае, имеет с ней мало общего. При этом, впрочем, признается,

что разум и вера не являются антиподами, что разум должен быть просвещен, в том числе – и нравственно, что наука не лишена ценностных измерений и что многое в научном творчестве зависит от личностного развития ученого, чистоты его помыслов и т. п. Но мало осознается, что многое из перечисленного очень близко духовным аспектам познания, то есть приближается к отдельным моментам религиозного.

История науки признает, что были периоды, когда религиозные установки познания мощно вторгались в науку. Самый первый период развития европейской науки, когда у ее истоков стояли такие великие мыслители, как Бэкон, Кеплер, Ньютон, был религиозно ориентирован. Известно (об этом прямо говорят перечисленные ученые), что научные поиски этого периода базировались на понимании природы как «раскрытой книги Бога» и познание природы осознавалось как приближение к познанию Бога, ибо посредством познания природы в некоторой мере познавался Бог. Был ясно сформулирован принцип: «познанием тварного мира познается его Творец». Поэтому и целью науки этого периода было усиленное познание Бога посредством познания природы. Как видим, религиозная составляющая научного познания и более того – религиозный смысл науки в этот период были определяющими для развития науки. Но довольно скоро – примерно в течение ста лет – эта религиозная установка на научное познание природы как средства приближения к Богу была трансформирована в иную: ценно познание природы самой по себе без всякого соотнесения с Богом. Природу стали познавать так, как будто она развилась сама по своим собственным законам и Бог оказался вне интересов науки.

Другой известный период развития науки связан с исламским миром, со средневековой исламской культурой и наукой на основе этой культуры. Исламская культура этого периода открыла для себя античную философию и науку, развила их на исламской основе и адресовала Европе, к тому времени забывшей об античности и погруженной в христианское средневековье. Правда, идут споры о том, развилась ли арабская наука этого периода благодаря исламу или она развивалась сама по себе, и ислам здесь ни при чем. Иногда арабские ученые даже писали, что не согласовывали свои научные поиски с исламскими ценностями. Мы всё же считаем, что ислам тонизировал средневековую исламскую науку и она не случайно именуется именно исламской наукой.

Итак, нами обозначены два периода развития науки, когда религия (ислам в одном случае и христианство – в другом) оказали значительное влияние на науку. Но всё же идеалы научного познания заметно отличаются от религиозных, и почти четыре столетия наука развивалась на научно рациональных, объектных и внерелигиозных установках. Поэтому говорить о совпадении научных и религиозных ценностях в научном познании было бы натяжкой.

Как ранее отмечалось, наука не является единственной формой познания. Огромное значение познание имеет и для религии, познание внутренне присуще религии. Одной из целей религии является познание Бога, Аллаха, конечно в тех пределах, какие возможны для человека. И здесь мы переходим к непосредственной теме статьи – цели и содержание познания в религии. Первейшей и наивысшей целью познания в религии является Бог. Познание Его – необходимый момент религии, так как религия как средство воссоединения человека с Богом и надежда на обретение спасения и вечной жизни нацелена на Бога, а достичь единства с Ним невозможно без познания Его.

Но как человек может познать Бога? Ведь Он непознаваем по определению, Его непознаваемость является одним из Его атрибутов, важнейших определений. Как Абсолют Он непознаваем, но в какой-то мере человек способен познать Бога. Что надо для этого сделать, чему соответствовать? В какой мере познание Бога человеком зависит от человека, а в какой – от самого Бога? В Коране по этому поводу говорится: «Он дарует мудрость, кому пожелает: а кому дарована мудрость, тому даровано обильное благо. Но вспоминают только обладатели разума!» [1].

То есть человек без благоволения Аллаха не способен на обладание той степенью ума, которая здесь названа мудростью и которая необходима для познания Аллаха в той мере, на которую способен верующий в Него человек.

Но кому «дарует мудрость» Аллах? «Аллах – друг тех, которые уверовали: Он выводит их из мрака к свету» [2]. Следовательно, как минимум необходима вера в Аллаха для того, чтобы надеяться на то, чтобы быть «выведенным из мрака к свету». Верить же в Него может только нравственно чистый человек, покорный Аллаху, в котором нет гордости, стремления быть известным, признанным. Эти требования к человеку, желающему узнать Аллаха, дают представление о характере и содержании познания в религии.



Очень схожи эти требования с теми, которые предъявляются и в христианстве. Иисус Христос говорит о Себе: «Я есмь путь и истина и жизнь; никто не приходит к Отцу, как только через Меня. Если бы знали Меня, то знали бы и Отца Моего» [3]. И здесь, как видно, познание Бога имеет ясные и четкие критерии. Схожим образом дело обстоит и в иудаизме. Таким образом, основная цель познания в авраамических религиях – познание Бога – осуществима только отчасти и возможна как встречное желание Бога и человека к богообщению и посильному единению, что требует от человека выполнения вполне определенных норм и веры, и поведения. Мы не касаемся здесь буддизма, который относится рядом религиоведов к мировым религиям: буддизм слишком самобытен и обладает очень специфической внутренней логикой, поэтому оставим его пока.

Говоря далее о специфике познания в мировых религиях и концентрируясь уже не на вопросах познания Бога, Аллаха, а на содержании религиозного познания как такового, необходимо отметить следующие его особенности. Это познание осуществляется в совершенно ином, в сравнении с научным познанием, мировоззренческом контексте. Религия порождает особое мировоззрение, понимание мира как сотворенного Богом. Он есть источник всего существующего. Он всё создал, от Него зависит всё, что существует.

Понятно, что это мировоззрение продуцирует специфическое видение мира верующим человеком. Одно дело, когда мир возник сам по себе, развивается на своих собственных основаниях и по своим законам – таким видит мир наука. И совсем другое дело, когда мир создан Богом и от Него зависит во всех отношениях. Оба этих видения сущности и генезиса мира порождают совершенно разные мировоззрения. Разные воззрения на мир формируют разные подходы к познанию мира, разные способы и формы этого познания. В религии это:

- постоянное удержание Бога как Творца всего существующего перед мысленным взором верующего, осуществляющего познание;

- доверчивое всматривание в мир – отношение к миру как к творению Бога и потому мира осмысленного, доброго, созданного для человека в качестве «арены» духовного развития человека;

- вера в то, что мир создан из любви, и потому любовь – основной закон функционирования мира, поэтому и познание мира должно иметь целевую установку не на внешнее познание мира для последующего использования этого знания, но на свое собственное соответствие требованиям Бога к человеку.

Отсюда познание в религии хотя и имеет некоторый самостоятельный смысл (как познание того, что окружает человека), но в основе своей и по существу является самопознанием и восхождением к Богу посредством познания всего сущего. Поэтому внутренней для религии целью познания является приближение к Богу посредством духовного совершенствования человека на основе Его заповедей и посильного для человека улучшения мира, стремление сделать его более близким Божьему промыслу. В основе такого познания лежит, конечно же, милость Божия, без которой человек не может делать ничего, в том числе – и познавать всё сущее. Методологией и ближайшим связанным с ней результатом религиозного познания, если уместно в данном случае говорить о методологии и результате, являются:

- целостное видение мира;

- открытость и даже безмерность познания: нет методологии, ориентированной только на внешнюю рациональность;

- бескорыстность как самого познания, так и в «раздаривании» его достижений и результатов;

- нередко анонимность познающего;

- рост достоинства и содержания личности, духовная ее устойчивость.

В исламе особо подчеркивается ценность знания – ислам очень ценит науку. «В 11-м аяте суры “Пререкания” в священном Коране подчеркивается значимость науки, превосходства ученых. В этом аяте читаем: “...Аллах возвышает степень тех из вас, которые веруют, а также тех, которым даровано знание. Аллах ведает о том, что вы вершите”. Слово “вершина”, употребленное в абсолютной форме без определения уровня, в священном Коране говорит о величии. «В толковании этого священного аята близкий соратник Пророка (ДБАР) по имени Абузар говорит: “Пророк (ДБАР) сказал:

“О Абузар, обладателя науки любят Бог, ангелы и пророки. К науке стремятся счастливые люди. Значит, счастлив в день страшного суда тот, кто старался ради науки. Тот, кто выходит из дома для того, чтобы открывать научные секреты, за каждый свой шаг получает от Всевышнего вознаграждение.